





Казакшая Академия образования
имени Ибрая Алтынсарина
Ассоциированная школа ЮНЕСКО "БЭСТ"

Г. К. Досмамбетова
К. Д. Торгаева
Г. С. Боранбаева

Менің қазақ тілім

3



Казахская Академия образования
им. Ибрая Алтынсарина



Ассоциированная школа ЮНЕСКО «БЭСТ»

Г.К. Досмамбетова
К.Д. Торгаева
Г.С. Боранбаева

Менің қазақ тілім

Учебник для 3-го класса школ-гимназий, лицеев
и школ с углубленным изучением
казахского языка



Алматы
«РАРИТЕТ»
2002

ББК 81.2.922
Д64

Рекомендован Министерством образования и науки
Республики Казахстан
в качестве альтернативного учебника

*Рецензент: доктор педагогических наук, профессор,
заведующая кафедрой теории и методики современного казахского языка
АГУ имени Абая Ф.Ш. Оразбаева*

В состав учебно-методического комплекса входят:

Г.К. Досмамбетова, К.Д. Торгаева, Г.С. Боранбаева. Менің қазақ тілім, учебник.

Г.К. Досмамбетова. Менің қазақ тілім, рабочая тетрадь.

Г.К. Досмамбетова. Книга для учителя казахского языка, методическое руководство.

Г.К. Досмамбетова. Лингафонный курс, аудиокассеты.

Досмамбетова Г.К., Торгаева К.Д., Боранбаева Г.С.

Д64 Менің қазақ тілім: Учебник для 3-го кл. школ с рус. яз. обучения. — Алматы: Раритет, 2002. — 144 с.

ISBN 5-7427-0200-0

Программный материал представлен в восьми главах, каждая из которых завершается итоговым уроком *Нәтиже* и уроком внеклассного чтения *Тілашар*.

В учебник включены отрывки произведений известных казахских авторов, популярные песни для детей, ноты которых представлены в приложениях. В УМК также вошли элементы этнокультурного материала под рубрикой *Инабаттылық*.

Д 4602000000-00 Без объявл.
413(05)-02

ББК 81.2.922


ISBN 5-7427-0200-0

© Досмамбетова Г.К., Торгаева К.Д., Боранбаева Г.С., 2002
© Издательская компания «Раритет», 2002

Условные знаки



Послушайте, повторите и, если требуется, ответьте на вопросы.



Заполните по образцу.



Ознакомьтесь с правилом и при необходимости можете получить информацию о нем в Грамматическом справочнике — *Грамматикалық анықтағыш*.



Перескажите, поговорите в диалоге.

О қ у л ы қ

Тарау, беті	Сөйлемдер	Шығармалар, ұлттық мәдениет (инабаттылық)	Грамматика
2 - с ы н ы п т а			
1А сабағы, 12–13-бб.		Жамбылдың «Менің ұлым сенікі...» өлеңінің үзіндісі	Иелік тұлға
1Ә сабағы, 14–15-бб.	Менің отбасым. Бұл қандай жануар? Піл мен Арыстан	Ө. Ақыпбековтің «Бірінші досым...» өлеңі	Реттік сан есім
Тілашар, 16–17-бб.	Сиқырлы шөп	«Ти десем...» жұмбағы	
О т а н о т б а с ы н а н			
2А сабағы, 20–21-бб.	Мен Отанымды сүйемін	«Астана – бас қала...» өлеңі	
2Ә сабағы, 22–23-бб.	Ол кім болып жұмыс істейді?	«Бастайды санауды...» санамағы	Болып етістігі
2Б сабағы, 24–25-бб.	Сенің кім болғың келеді?	Жайлы жатып, жақсы тұр!	Тәуелдік жалғаудың сыпайы түрі
2В сабағы, 26–27-бб.	Менің жанұям		Ілік септік
2Г сабағы, 28–29-бб.	Жеті ата	«Жеті атасын білмеген жетім» мақалы	
2-нәтиже, 30–31-бб.			
Тілашар, 32–33-бб.	Қазақтың аты-жөні	Қ. Жұмағалиевтің «“Ана” деген сөзді де» өлеңінің үзіндісі	
С а р ы а л т ы н д а й			
3А сабағы, 36–37-бб.	Саяжай	«Қыр-қыр-қыркүйек...» тақпағы	Ауыспалы келер шақ
3Ә сабағы, 38–39-бб.	Саяжай туралы	«Жетпіс кемпір...» және «Дөп-дөңгелек...» жұмбақтары	Көмектес септік, сан есім (70)
3Б сабағы, 40–41-бб.	Сен саяжайда не істейсің?	Қ. Жұмағалиевтің «Бес алған Асанға...» өлеңі. Айтқаныңыз келсін!	Барыс септік

М Ұ Н Ы

Ж а з у д е п т е р і

Тарау, беті	Сөйлемдер	Грамматика
О Қ Ы Д Ы М		
1А сабағы, 3-бет	Доп кімдікі? Доп Қобыландынікі. Доп Алдар көсенікі емес, ол – Қобыландынікі	-нікі, -дікі, -тікі; 1–59 сандары
1Ә сабағы, 4-бет	Бұл қандай жануар?	ма? ме? па? пе? ба? бе?
б а с т а л а д ы		
2А сабағы, 5-бет	Қазақстан Республикасының туы, елтаңбасы	
2Ә сабағы, 6-бет		-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер; 1–59 сандары
2Б сабағы, 7-бет	Алпамыс батыр, Мақта қыз	-ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз
2В сабағы, 8-бет	Мақта қыздың күнделігі, жеке карточкасы	
2Г сабағы, 9-бет	Менің жеке карточкам. Алпамыстың жеті атасы. Менің жеті атам	
к ү з		
3А сабағы, 10-бет	Олардың туған күндері қашан?	
3Ә сабағы, 11-бет	Мен саяжайға атаммен бірге барамын	
3Б сабағы, 12-бет	Дениске акварель бояулары керек	-ға, -ге, -қа, -ке

О қ у л ы қ

3В сабағы, 42–43-бб.	Күз	«Жау-жау, жаңбыр» әні	
3Г сабағы, 44–45-бб.	Сен не жақсы көресің?	«Саяжайға барамын...» тақпағы. Ас дәмді болсын! Бірге болсын!	
3-нәтиже, 46–47-бб.			
Тілашар, 48–49-бб.	Достар		

Ж а ң а ж ы л д а —

4А сабағы, 52–53-бб.	Жаңа жыл шыршасы	«Жаңа жыл» өлеңінің 1-үзіндісі	
4Ә сабағы, 54–55-бб.	Жаңа жыл костюмі	«Шырша жыры» әні	
4Б сабағы, 56–57-бб.	Жаңа жылмен құттықтау	«Жаңа жыл» өлеңінің 2-үзіндісі	
Тілашар, 58–59-бб.	Қаржоқтағы Жаңа жыл мерекесі		

Қ ы с т а ғ ы қ а р —

5А сабағы, 62–63-бб.	Қыс	Қ. Мырза Әлидің «Қыс келді...» өлеңінің үзіндісі	
5Ә сабағы, 64–65-бб.	Аулада	«Қыстағы қар...» мақалы	
5Б сабағы, 66–67-бб.	Қыс айлары	«Қашан болады?» өлеңі, «Сейсен сейсенбіде...» жаңылтпашы	Сан есім (80)
5В сабағы, 68–69-бб.	Қысқы демалысым	Іске сәт! Айтқаныңыз келсін!	
5-нәтиже, 70–71-бб.			
Тілашар, 72–73-бб.	Аққала мен аққалалар		

М е к т е п — к е м е ,

6А сабағы, 76–77-бб.	Ағылшын тілі мен орыс тілі сабақтары	«Мектеп – кеме, білім – теңіз» мақалы, «Бүгін қай күн?» өлеңінің 1-шумағы	-ша, -ше жұрнақтары
6Ә сабағы, 78–79-бб.	Ана тілі сабағы	«Бүгін қай күн?» өлеңінің 2-шумағы. Қадамыңа нұр жаусын!	Бұйрық райдың сыпайы түрі
6Б сабағы, 80–81-бб.	Дүниетану сабағы	«Бүгін қай күн?» өлеңінің 3-шумағы	

Ж а з у д е п т е р і

3В сабағы, 13-бет	Ауа райы	1–79 сандары
3Г сабағы, 14-бет	Мен алхоры жақсы көремін, себебі ол тәтті	

ж а ң а ж ы р

4А сабағы, 15-бет	Біздің шырша	-сыңдар, -сіңдер
4Ә сабағы, 16-бет	Жаңа жыл шыршасында	
4Б сабағы, 17-бет	Ашық хаттар	

ж е р г е ы р ы с

5А сабағы, 18-бет	Қыс	өткен шақтың болымды түрі
5Ә сабағы, 19-бет	Аулада	өткен шақтың болымсыз түрі
5Б сабағы, 20-бет	Біздің Отанда қыста	
5В сабағы, 21-бет	Біз қысқы демалыста көп ойнаймыз	1–79 сандары

б і л і м — т е ң і з

6А сабағы, 22-бет	Мектеп – кеме, білім – теңіз	өткен шақ
6Ә сабағы, 23-бет	Мақта қыздың мектеп күнделігі	
6Б сабағы, 24-бет	Есеп сабағында есеп шығардық	

О қ у л ы қ

6В сабағы, 82–83-бб.	Еңбек сабағы		Сан есім (90)
6Г сабағы, 84–85-бб.	Сен не үйрендің?	«Салақ бала» өлеңі, «Бүгін қай күн?» өлеңінің 4-шумағы	Шығыс септік
6-нәтиже, 86–87-бб.			
Тілашар, 88–89-бб.	Мақта қыз бен мысық		

Қ ұ т т ы б о л с ы н

7А сабағы, 92–93-бб.	Анашым	«Құттықтау» өлеңі	Зат есімнің аяулы түрі
7Ә сабағы, 94–95-бб.	Наурыз мейрамы	«Наурыз – біздің Жаңа жыл» әні	
Тілашар, 96–97-бб.	Наурыз мейрамында		




К ө к т е м —

8А сабағы, 100–101-бб.	Көктем	«Көп көкек...» жаңылтпашы. Ондай болма! Таяқ жейсің	Сан есім (100)
8Ә сабағы, 102–103-бб.	Көктем табиғаты	А. Шаяхметовтің «Көктем» өлеңі	
8Б сабағы, 104–105-бб.	Бау-бақшадағы жұмыстар	М. Қуанышбековтің «Көктем» өлеңі	
8В сабағы, 106–107-бб.	Малдың төлі	«Әжем дейді...» мен «Мал баласын сүйеді» өлеңдері	
8Г сабағы, 108–109-бб.	Мен төлді бағамын	«Қошақаным қайда екен?» әні. Ауызыңа май, астыңа тай!	
8-нәтиже, 110–111-бб.			
Тілашар, 112–113-бб.	Қызықты ойындар	«Ешкі бақтым...» өлеңі	
114–119-бб.	Балалар әндері		
120–126-бб.	Грамматикалық анықтағыш		
127–136-бб.	Қазақша-орысша сөздік		
137–143-бб.	Русско-казахский словарь		




2-сыныпта оқыдым

Қандай сөздерді еске түсіресіз?



Не туралы сөйлейсіз?



Қандай ережелерді еске түсіресіз?

менікі
сіздікі
Қыз Жібектікі

алтыншы
тоғызыншы

екінші
бірінші

№ 1

Тақпақты еске түсіріңіз.



№ 2

Сөздерді екі топқа бөліп оқыңыз.



1-тапсырма.

асық

күлкілі

тас

итер

менікі

ойыншық сарбаз

жұмсақ ойыншық

қой

үйшік

әперші

ұр

тығылмақ

қуыспақ

секіртпе

12

№ 3

а) Еске түсіріңіз.



ә) Қарындашпен белгілеңіз, сұраққа жауап беріңіз.

Бұл кімдікі?



№ 4

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Менің ұлым сенікі,
Сенің ұлың менікі.
Ер туған ұл сенікі,
Бақытты біздің жердікі.

Жамбыл



№ 5

Толтырыңыз.

Ұр — ұрма тиді — тиген жоқ
лақтыр — ... кірді — ...
қой — ...
бер — ...
әперші — ...

№ 6

Есте сақтаңыз!

Асық қалай тұрды?



алшы тұрды



тәйке тұрды



бүгімен жатты




шігімен жатты

№ 7

Сұхбаттасыңыз. Ойнаңыз.

Ханталапай¹

Серік: Қандай ойын ойнаймыз?
Нұрлан: «Ханталапай» ойнайық.
Серік: «Ханталапай» қалай ойнайды?
Нұрлан: Бір асық қызыл болады.
Оның аты «хан» болады.
Сен асықтарыңды мұнда қой.
Серік: Сен де асықтарды қой.
Нұрлан: Иә, қойдым. Қазір мен лақтырамын.
Серік: «Хан» алшы тұрды. Тез жинайық².
Нұрлан: Менің асығым көп.
Серік: Жоқ, менің асығым көп.
Нұрлан: Бір, екі, үш, төрт, бес, дұрыс,
сенің асығың көп, лақтыр.
Серік: «Хан» тәйке тұрды. Сен ұр.
Нұрлан: Асығым алшы тұрды, «ханға» тиді...
Серік: Тиген жоқ.
Нұрлан: Тиді.



¹ Ханталапай — «Кто возьмет хана», название игры в асыки.

² Тез жинайық — давай быстро собирать.

№ 1

Тақпақты еске түсіріңіз.



№ 2


Сөздерді екі топқа



бөліп оқыңыз.



2-тапсырма.



14

№ 3

а) Еске түсіріңіз.



ә) Сұрақтарға жауап беріңіз.

Менің отбасым



1 2 3 4 5 6

Бірінші кім? Оның аты кім? Ол қандай?

б) Өз отбасыңызды дәптерге салыңыз, олар туралы айтып беріңіз.

№ 4

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.



Бірінші досым — Берік,
Екінші досым — Ерік.
Үшінші досым — Үкен,
Төртінші досым — Түкен.
Біздер тату құрбымыз,
Жазылмайды жұбымыз.

Ө. Ақыпбеков

№ 5


Жауап беріңіз.



Бұл не? Ол қандай жануар? Ол қайда өмір сүреді? Ол не жейді? Ол не ішеді?

№ 6

Сұхбаттасыңыз.



- Піл:** Сәлем, Арыстан!
Арыстан: Сәлем, Піл! Хал қалай?
Піл: Рақмет, тамаша! Бүгін менің туған күнім.
Арыстан: Туған күнің құтты болсын!
Піл: Рақмет. Сен менің туған күніме кел.
Арыстан: Жарайды. Сенің туған күңіңе кімдер келеді?
Піл: Бота келеді, лақ келеді, қозы келеді.
Арыстан: Ыр-р-р, мен лақты да, қозыны да, ботаны да жақсы көремін.
Піл: Жоқ, оларды жеуге болмайды¹. Олар — менің достарым. Мен саған торт беремін.
Арыстан: Жоқ, арыстандар торт жемейді. Олар кішкентай жануарларды жейді.
Піл: Онда сен маған келме. Мен саған ренжідім².
Арыстан: Жоқ, Пілжан, кешір³. Мен тентек болмаймын, мен жуас боламын. Менің досым жоқ. Мені жануарлар жек көреді.
Піл: Иә, Арыстан, сен жануарларды жеме. Сен жуас бол⁴.

¹ Жеуге болмайды — нельзя кушать.

² Ренжідім — я обиделся.

³ Кешір — извини.

⁴ Бол — будь.



№ 1

Аударыңыз, тіркесін табыңыз.

ерте, ерте, ертеде, сиқырлы, пай, мәссаған!

№ 2

Сұхбаттасыңыз.



Сиқырлы шөп




Ерте, ерте, ертеде бір жануар болыпты¹. Оның аты Айдаһар. Ол өте ызақор жануар. Оның досы жоқ.

Айдаһар орманда өмір сүреді. Орманда да Маймыл да, Піл де, Кірпі де өмір сүреді. Олар – достар. Олар – мейірімді, тентек емес.

Бір күні Айдаһар достарға былай дейді:

– Әй, Маймыл, Піл, Кірпі, қазір мен сендерді жеймін. Ха-ха-ха!
Маймыл мен Піл жылайды², Кірпі жыламайды².

16



– Айдаһар, сен бізді жеме, мен де, Маймыл да, Піл де қышқылмыз, – дейді Айдаһарға Кірпі.

– Онда мен не жеймін? – дейді Айдаһар.

– Сен сиқырлы шөпті жесең³, ақылды боласың, – деді Кірпі.

¹ Болыпты – был давно.

² Жылайды, жыламайды – плачут, не плачет.

³ Жесең – если скушаешь.

— Иә, иә, сен мейірімді боласың, — деді Маймыл.
 — Сен жуас боласың, сенің досың көп болады, — деді Піл.
 Айдаһар ойланды¹, сиқырлы шөпті жеді де, кішкентай болды.



— Ой, Айдаһар қандай сүйкімді! — деді Маймыл.
 — Пай! Пай! Айдаһар қандай әдемі! — деді Піл.
 — Мәссаған! Айдаһар күлкілі болды! — деді қаһарман Кірпі.
 Айдаһар ештеңе айтқан жоқ², үйіне кетіп қалды³.



№ 3

Жұмбақты шешіңіз.

Ти десем, тимейді. Тиме десем тиеді.





¹ Ойланды — подумал.

² Ештеңе айтқан жоқ — ничего не сказал.


³ Үйіне кетіп қалды — ушел домой.

Отан отбасынан басталады

Қандай сөздермен танысасыз?



Не туралы сөйлейсіз?



Қандай ережелермен танысасыз?

60 61 62 63 64 65 66 67 68 69


Ол мұғалім болып жұмыс істейді.

Мен аю болып ойнаймын.


№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



№ 2

Оқыңыз.



3-тапсырма.

- ол, *Отан* [уотан]: менің Отаным; сүйікті Отаным. Қазақстан — менің Отаным.
- *Қазақстан*: Қазақстанда. Мен Қазақстанда тұрамын. Менің Отаным — Қазақстан.
- қай, *қала*: қалада тұрамын. Сен қай қалада тұрасың?
- *Астана*: Астана қаласы [астанағаласы]; Астанада. Сен Астанада тұрасың ба? Астана — әдемі қала [әдеміғала].
- *бас*: бас қала. Астана — бас қала. Астана бас қала ма?
- *жас*: жас қала; жастар; жас мектеп. Астана — жас қала.
- сүйікті, *сүйемін* [сүйемін]: мен сүйемін; ол сүйе ме? Мен Отанымды сүйемін.
- жейді, *тегі*: менің тегім; оның тегі. Менің тегім — Оспанов. Менің тегім — Оспан. Сенің тегің Үмбет пе?

№ 3


Мақал-мәтелдерді аударыңыз, жаттаңыз.

Отан отбасынан басталады.

Отан — елдің шешесі.

№ 4


Өлеңді жаттаңыз.



*Астана — бас қала,
Астана — жас қала.
Қазақстаным — Отаным,
Отанымды сүйемін.*

№ 5

Әңгімелеңіз.



Оның аты кім?
Оның Отаны қайсысы?¹
Ол Отанын сүйе ме?

№ 6

Ауыстырыңыз. Әңгімелеңіз.



Менің атым – **Дәурен**, тегім – **Оспанов**. Мен Қазақстанда тұрамын. Қазақстан – менің Отаным. Мен Отанымды сүйемін.

Мен **Атырауда** тұрамын. **Атырау** – менің Отаным. Мен **Атырауды** сүйемін. Атырау – әдемі қала.

№ 7

Сұрақтарға жауап беріңіз.


- а) Сенің Отаның Қырғызстан ба?
- ә) Сен Отаныңды сүйесің бе?
- б) Сенің тегің, атың кім?
- в) Сен қай қалада (ауылда) тұрасың? Қай көшеде тұрасың?
- г) Сенің қалаң (ауылың) қандай?

№ 8

Әнді аударыңыз, әнді айтыңыз.



4-тапсырма.



Менің Отаным

Отан – менің ата-анам,
Отан – досым, бауырым.
Отан – өлкем, астанам,
Отан – туған аулым.

Бақыт елі – бұл Отан,
Бәріне мен иемін.
Біздің Отан – ұлы Отан,
Ұлы Отанды сүйемін.

(нотасы 114-бетте)

¹ Қайсысы? – Которая из них?


№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз, сөйлеңіз.

а)



ә)



б)



в)



г)



№ 2

Оқыңыз.



5-тапсырма.

- *ана*: менің анам; оның анасы. Сенің анаң мұғалім бе? Менің анам әдемі.
- *ата-ана* [атана], *әке-шеше*: ата-аналар; әке-шешем тұрады. Бүгін менің ата-анамның туған күндері.
- бүгін, *жүргізуші* [жүргізуші]: жүргізуші емес; жүргізушілер. Ол – жүргізуші. Сенің әкең жүргізуші ме?
- ғарышкер, *ғалым*: неше ғалым?; ғалым емес. Сенің атаң ғалым ба? Менің атам – ғалым.
- *сатушы* [сатушы]: сатушы мен жүргізуші; сатушы да. Менің әпкем – сатушы.
- *жұмыс істейді* [жұмысстейді]: кім жұмыс істейді?; олар жұмыс істейді. Менің анам жұмыс істейді.
- отыз, досым, *болып* [болып]: болып жұмыс істейді = болып істейді. Ол ұшқыш болып істейді. Ата-анасы сатушы болып жұмыс істейді.

№ 3

Санамақты аударыңыз, жаттаңыз.

Бастайды санауды:
Бірінші анамды,
Екінші әкемді,
Үшінші әпкемді,
Төртінші інімді.
Сүйемін – күнімді!
Бесінші кім еді?
Оны кім біледі?



№ 4

Есте сақтаңыз.

Ол мұғалім болып жұмыс істейді.

Мен аю болып ойнаймын.

№ 5

Сөйлем құрастырыңыз.

Ол кім болып істейді?

Менің	әке <input checked="" type="checkbox"/>		болып	жұмыс істейді.
Сенің	ана <input type="checkbox"/>			
Оның	ата-ана <input type="checkbox"/>			
	аға <input type="checkbox"/>			
	әпке <input type="checkbox"/>			
			істейді.	

№ 6


Толтырыңыз.

Менің ойыншық сарбазым көп. әке-шешең кім болып істейді? атым — Динара. Бүгін туған күнің бе? досы екінші сыныпта оқиды. Үлкен үзілісте сыныптастарың қуыспақ ойнай ма?

23

№ 7

Өңгімелесіңіз.



Қаңбақ шал:	Сенің атың кім?
Қарашаш сұлу:	Атым — Қарашаш сұлу.
Қаңбақ шал:	Тегің кім?
Қарашаш сұлу:	Тегім — Сұлтанова.
Қаңбақ шал:	Айналайын, әке-шешең кім?
Қарашаш сұлу:	Әкем — Марат, анам — Сәния.
Қаңбақ шал:	Олар кім болып жұмыс істейді?
Қарашаш сұлу:	Әкем жүргізуші болып істейді.
	Анам дәрігер болып істейді.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз, сөйлеңіз.

а)



ә)




б)



в)



г)



№ 2

Оқыңыз.



6-тапсырма.

- әтеш, *әртіс*: әртістер; әртіс болып істейді. Сенің ағаң әртіс болып істей ме? Менің ағам әртіс.
- *банк қызметкері*: банк қызметкері емес. Менің атам — банк қызметкері. Оның әкесі банк қызметкері болып жұмыс істей ме?
- салғым келеді, *болғым келеді* [болғұмгеледі]: менің болғым келеді; сенің болғың келеді; оның болғысы келеді. Менің мұғалім болғым келеді. Сенің кім болғың келеді?
- салғым келмейді, *болғым келмейді* [болғұмгелмейді]: менің болғым келмейді; сенің болғың келмейді; оның болғысы келмейді. Менің зейнеткер болғым келмейді. Оның дәрігер болғысы келмейді.
- туған күнім, *болғың келе ме?* [болғұңгелеме]: сенің болғың келе ме? Сенің жүргізуші болғың келе ме?

24

№ 3

Есте сақтаңыз.

сіздің ата-ана **ңыз**сіздің ат **ыңыз**сіздің бөлме **ңіз**сіздің дәптер **іңіз**

(120-бетте)

№ 4

Толтырыңыз.

а) сіздің кітаб *ыңыз*, сіздің тегі....., сіздің сабағ....., сіздің үй....., сіздің дос қыз....., сіздің дәптер....., сіздің бояу.....

ә) *сіздің* сөмкеңіз, компьютеріңіз, қаламыңыз, халіңіз, жұмысыңыз, әкеңіз.

№ 5



7-тапсырма.

а) Аударыңыз. Көшіріңіз.



Жайлы жатып,
жақсы тұр!



ИНАБАТТЫЛЫҚ

- ә) Екі балаға айтыңыз.
- б) Үлкен кісіге айтыңыз.
- в) Енді ата-анаңызға айтыңыз (әрине, сыпайы түрде).

№ 6

Толтырыңыз.

а) Сенің әртіс болғы келе ме?

Иә, менің



... болғы келеді.

ә) Оның ғарышкер болғы келе ме?

Иә, оның



... болғы ...

б) Сенің сатушы болғы келе ме?

Жоқ, менің келмейді.

в) Оның ұшқыш?

Жоқ, ...



... ..

№ 7

Өңгімелеңіз. Сұрақтар қойыңыз.

Кім болғым келеді?



Менің отбасым үлкен. Атам, әжем, ата-анам, әпкем және інім бар. Ата-анам шопан болып жұмыс істейді. Мен мектепте оқимын. Інім балабақшаға барады. Әпкем сатушы болып істейді. Атам мен әжем — зейнеткерлер. Олар Бесағаш аулында тұрады.

Менің інім ғарышкер болғысы келеді. Менің ғарышкер болғым келмейді, менің әртіс болғым келеді. Мен ән айтуды¹ жақсы көремін.

¹ Ән айтуды — петь песни.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз, сөйлеңіз.


а)




ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



8-тапсырма.

• ұл, отбасы = **жанұя**: жанұяда; кімнің жанұясында? Сенің жанұяң үлкен бе? Менің жанұям үлкен емес.

• ана, **апа**: апа = ана; апа = әже; апа = әпке. Апаң қайда жұмыс істейді? Апам мектепте оқиды. Апам – зейнеткер.

• әдетте, **немере**: немере аға; немере сіңлі; немере аға; немере іні. Немере інің нешеде? Немере ағам біздің мектепте оқиды.

• көше, **көке** [көкө]: көкем жұмыс істейді. Көкем жүргізуші болып жұмыс істейді. Менің екі көкем бар.

• және, **тәте**: тәтелер; тәтемді жақсы көремін. Менің тәтем өте мейірімді. Тәтемнің аты – Ақмарал.

• әке, аты, **әкемнің аты**: әкеңнің аты; әкесінің аты. Менің әкемнің аты – Серік. Сенің әкеңнің аты кім?

• төртінші, **аты-жөні** [атыжөнү]: аты-жөніңіз: оның аты-жөні. Сенің аты-жөнің кім? Аты-жөнім – Марат Ержанұлы.

№ 3

Есте сақтаңыз.



ойыншық **тың** аты
сиыр **дың** шөбі
бала **ның** асығы

мектеп **тің** аты
дәптер **дің** түсі
әкем **нің** аты

(120-бетте)

№ 4

Толтырыңыз.

Қазақстан **Нұр-Сұлтан** қаласы, әке-шешем..... жұмысы, қарындасың..... қуыршағы, Дәурен..... туған күні, сарбаз..... сөмкесі, тәтем.... баласы, көкең..... ұлы, мектеп..... бөлмелері, немере әпкем..... аты, немере ағаң..... досы, анам..... анасы, кім..... әжесі, қалпақ..... түсі.

№ 5

«Отбасы» тақырыбы бойынша сөздерді теріңіз.

Мектеп, балмұздақ, атам, Отан, төртбұрыш, ата-анасы, қалада, ағам, жұмыс істейді, әжең, сынып, мейірімді, жабайы жануар, әке-шешем, дәптер, қарында-сың, орман.

№ 6

Сөйлем құрастырыңыз.

<p>Әке <input type="text"/> <input type="text"/> нің ағасы Ана <input type="text"/> <input type="text"/> сіңлісі Көке <input type="text"/> <input type="text"/> ұлы Көке <input type="text"/> <input type="text"/> қызы Әке <input type="text"/> <input type="text"/> қарындасы Апа <input type="text"/> <input type="text"/> інісі</p>	<p>маған саған оған</p>	<p>көке тәте немере аға немере сіңлі немере қарындас</p>	<p>болады.</p>
--	---------------------------------	--	----------------

№ 7


Жалғастырыңыз.

Менің жанұям

Менің жанұям үлкен. Менің ата-анам, ата-әжем, апам бар.

Менің атым — Нұрбек, әкемнің аты — Нұржан, тегім — Қалиев. Сонда¹ аты-жөнім — Нұрбек Нұржанұлы Қалиев. Апамның аты-жөні — Әсел Нұржанқызы Қалиева. Ол он тоғызда. Әсел — студент. Оның ғалым болғысы келеді.

Менің тағы² бір көкем, бір тәтем бар. Көкемнің ұлы маған немере іні болады.



№ 8

Сұрақтарға жауап беріңіз.

- Нұрбектің ата-анасының аты-жөні кім?
- Нұрбектің көкесінің аты-жөні кім?
- Нұрбек пен Әселдің тәтесі кім болып жұмыс істейді?
- Нұрбектің немере ағасы бар ма?

¹ Сонда — значит.

² Тағы — еще.


№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз, сөйлеңіз.

а)

60

ә)



№ 2

Оқыңыз.



9-тапсырма.

• алты, *алпыс*: алпысыншы; алпыс жанұя. Менің атам алпыс бірде. Мен алпыс төртінші үйде тұрамын.

• жуас, *туралы* [тұралы]: сурет туралы; Отан туралы. Мен жанұям туралы сурет салдым. Сен мектеп туралы жаздың ба?

• *жеті ата* [жетата]: жеті атаң туралы; жеті атамды. Мен суретті жеті атам туралы салдым.

• елу, *білу* [білуу]: мен білемін; мен білмеймін; сен білесің бе? Мен жеті атамды білемін. Сен ол туралы не білесің? Мен жаттығу туралы білмеймін.

• қара, *жатқа*: жатқа білемін; жатқа оқимын. Мен жеті атамды жатқа білемін.

№ 3

Мақал-мәтелді аударыңыз, жаттаңыз.

Жеті атасын білмеген жетім

№ 4

Толтырыңыз.



Кітап туралы



... ..



... ..



... туралы



... ..

... ..



... туралы


№ 5

Жауап беріңіз.

- а) Отан туралы мақалдар білесіз бе?
- ә) Ата-ана туралы өлең білесіз бе?
- б) Жануарлар туралы ән білесіз бе?


№ 6

Санаңыз.



№ 7

а) Оқыңыз. Сұрақ қойыңыз.



1. Менің атым – Қобыланды батыр.
2. Әкемнің аты – Тоқтарбай батыр.
3. Оның әкесінің аты – Сұңқар батыр.
4. Оның әкесінің аты – Балтай батыр.
5. Оның әкесінің аты – Төлеген батыр.
6. Оның әкесінің аты – Мәди батыр.
7. Оның әкесінің аты – Нияз батыр.

ә) Сіз өз жеті атаңызды білесіз бе? Атап шығыңыз.

№ 8

Сұхбаттасыңыз.

- Айдос: Жүр, асық ойнаймыз.
 Жақсылық: Жоқ, мен кітап оқимын.
 Айдос: Қандай кітап?
 Жақсылық: Бұл – өте қызық кітап. Онда менің жеті атам туралы жазылған¹.
 Айдос: Мәссаған! Жеті атаң туралы ма? Көрсетші.
 Жақсылық: Мә, оқы.
 Айдос: Онда менің жеті атам туралы бар ма?
 Жақсылық: Жоқ.
 Айдос: Мейлі, мен жеті атамды жатқа білемін.



№ 9





10-тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріңіз.

¹ Жазылған – написано.

№ 1

Еске түсіріңіз.



№ 2

Жазыңыз.



[менің сүйікті отаным қазақстан] Менің сүйікті Отаным – Қазақстан
 [уотанымды сүйөмін]
 [атанам жұмұстейді]
 [мен сатұушұ болғұмгеледі]

№ 3

а) Тазша бала мен Мақта қыз үшінші сыныпта оқиды. Мынау Тазшаның жеке карточкасы¹.

30



Аты:	Тазша
Әкесінің аты:	Еркебай
Тегі:	Тентек
Жасы:	тоғызда
Отаны:	Ертегістан
Қайда оқиды:	12-мектепте, 3-сыныпта
Қайда тұрады:	Ботақан ауылында, Сарышөп көшесінде

ә) Мақта қыздың жеке карточкасы туралы айтып беріңіз.

№ 4

Толтырыңыз.

Менің ағам тоғыз ыншы сыныпта оқиды. Ол банк қызметкер... болғысы келеді. Менің де ... банк қызметкері болғым келеді. Ағам... досы бар. Оның аты-жөн... – Сұлтан Қайратұлы Сәрсенов. Менің әкем... аты – Серік. Ол отыз төрт... . Менің әке... сатушы ... жұмыс істейді.

№ 5



11-тапсырмадағы әңгімені тыңдаңыз, сұрақтар қойыңыз.

¹ Жеке карточкасы – визитная карточка.

№ 6

Өзіңізді тексеріңіз.

Сынақ

1. Қазір Қазақстанның астанасы — ...
 а) Қызылорда қаласы.
 ә) Астана қаласы.
 б) Алматы қаласы.

2. Менің Отаным — ...
 а) Қырғызстан.
 ә) Франция.
 б) Қазақстан.

3. Ата-ана — ...
 а) әке мен шеше.
 ә) ата мен әже.
 б) сыныптастар.



4. 67 — ...
 а) елу жеті.
 ә) он.
 б) алпыс жеті.



5. Жанұя = ...
 а) отбасы.
 ә) сенікі.
 б) ауыл.

6. Сенің кім болғың келеді?
 а) Әрине, мен балмұздақ жеймін.
 ә) Менің күшігім бар.
 б) Өртіс.

7. Жеті атасын білмеген ...
 а) жетім.
 ә) қандай?
 б) тұрады.

№ 7

Ойнайық!



№ 1


Аударыңыз, тіркестерін табыңыз. _____

мысалы, сөз

№ 2

Әңгімелеңіз. _____

Қазақтың аты-жөні



32

Бұрын қазақтардың аты-жөні өз¹ аты мен әкесінің атымен айтылған. Қазір Қазақстанда қазақ аттары үш сөзден тұрады². Олар: өз аты, әкесінің аты, фамилиясы әлде тегі. Мысалы, Данияр Аманұлы Оспанов, Марат Наурызбайұлы Қасенов.

Ұл баланың аты-жөні қыз баланың аты-жөнінен кішкене айырықша³. Мысалы, ұлдың қарындасы бар дейік. Онда ұлдың аты-жөні Марат Наурызбайұлы Қасенов болады, қыздың аты-жөні Меруерт Наурызбайқызы Қасенова болады. Бірақ қазірде қазақтардың аты-жөні екі сөзден де тұрады. Олар өз аты мен әкесінің аты, ал фамилиясы болмайды. Мысалы, Әсел Сәкенқызы, Олжас Болатұлы.

Қазақтар өз жеті атасын жатқа біледі. Жеті атасының аты-жөнін ғана емес, олардың кім болып істегені туралы да, қандай қаһармандық жасағаны туралы да біледі. Қазақтар бабаларын құрметтейді⁴.

Менің аты-жөнім — Фарида Құрмашқызы Сарыбаева. Әкемнің аты-жөні — Құрмаш Сарыбаев, атамның аты-жөні — Сарыбай Мәдиұлы.

Менің немере ағам бар. Оның аты-жөні — Дәурен Айдарұлы. Немере әпкем бар. Оның аты-жөні — Айнұр Айдарқызы.

¹ Өз — его самого.

² Тұрады — состоит.

³ Кішкене айырықша — немного отличаются.

⁴ Бабаларын құрметтейді — чтят предков.

№ 3

2—3 сыныптасыңыздың, олардың туған әлде немере әпкесі, қарындасы, сіңлісі, ағасы мен інісінің аты-жөндері туралы айтып беріңіз.

№ 4





Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

«Ана» деген сөзді де,
«Әке» деген сөзді де,
«Аға» деген сөзді де,
«Тәте» деген сөзді де,
«Ата» деген сөзді де,
«Апа» деген сөзді де
Ойлап тапқан балалар.

Қ. Жұмағалиев

Сары алтындай күз

Қандай сөздермен танысасыз?



Не туралы сөйлейсіз?



Қандай ережелермен танысасыз?

70 71 72 73 74 75 76 77 78 79

Мен барамын
Сен барасың
Сіз барасыз
Ол барады

демалуға барамын
балыққа беремін

Мен атама көмектесемін
Сен атаңа көмектесесің

Бормен сурет саламын
Бояумен сурет саламын
Түрлі-түсті қарындаштармен
сурет саламын

Дәуренге сыйлаймын
Қыз Жібекке барамын

Мен әжеме барамын
Сен әжеңе барасың

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



в)



г)



ғ)



№ 2

Оқыңыз.



12-тапсырма.

• ай: қай айда?; неше ай? Сенің туған күнің қай айда болады? Мен ай салдым. Менің ай салғым келеді.

• Қазақстан, түйе, **қыркүйек** [қыргүйөк]: қыркүйек айында; қыркүйекте ме? Қыркүйек айы қандай? Менің туған күнім қыркүйекте. Бүгін жиырмамыншы қыркүйек.

• қасқыр, **қазан**: қазан айы; қазан айында емес. Атам мен әжем қазан айында ауылда тұрады. Бүгін он сегізінші қазан. Бүгін қазанның жиырма алтысы.

• қара, **қараша**: қараша мен қазан айлары; қарашада жұмыс істейді. Қараша айы туралы сен не білесің? Сенің інің қараша айында не істейді? Бүгін отызыншы қараша ма? Ертең қарашаның сегізі.

• қоян, **саяжай** [сайажай]: саяжайда; саяжайда тұрады. Оның көкесі саяжайда тұра ма? Саяжайда не бар? Сенің саяжайың әдемі ме?


• сатушы, **бару** [баруу]: мен барамын; саяжайға барамыз. Олар ертең саяжайға барады. Сендер саяжайға барасыздар ма?

• қаһарман, **қашан**: қашан ойнайсың?; қашан барасың? Атаң мен әжең саяжайға қашан барады? Сіз саяжайға барасыз ба?

• неше, **нешесі**: Бүгін нешесі? Ертең нешесі?

№ 3

Тақпақты аударыңыз, жаттаңыз.



Қыр-қыр-қыркүйек,
Қаз-қаз-қазан да,
Қар-қар-қараша,
Саяжайда тамаша!

№ 4

Есте сақтаңыз.

Мен біл е мін
 Сен біл е сің
 Сіз біл е сіз
 Ол біл е ді

Мен бар а мын
 Сен бар а сың
 Сіз бар а сыз
 Ол бар а ды

(124-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

- а) Сен тұра *сың*, ол сүйе....., мен жүгіре....., сіз оқи....., мен бара....., олар біле....., сен сурет сала....., сендер есеп шығара....., сіз жұмыс істей....., мен жақсы көре....., сіздер сыйлай.....
- ә) *Сен* лақтырасың, ойнайды, барасың, итереді, келесіз, барасындар, жейді, секіресің, тұрасыздар, боламын.

№ 6

а) Толтырыңыз. Жауап беріңіз.

Ол саяжайға қашан барады?




37

ә) Енді сөйлемдерді «Сен» деген сөзден бастап айтыңыз.

№ 7

Сұхбаттасыңыз.

- Тазша: Сен саяжайға барасың ба?
 Қыз Жібек: Иә, саяжайға барамын.
 Тазша: Қашан барасың?
 Қыз Жібек: Он бесінші қыркүйекте барамын.



- Алпамыс батыр: Сен ертең не істейсің?
 Қобыланды батыр: Мен саяжайға барамын.
 Алпамыс батыр: Ертең нешесі?
 Қобыланды батыр: Ертең қазанның екісі.
 Алпамыс батыр: Мен де ертең саяжайға барамын.

№ 8



13-тапсырмадағы әңгімені тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.


№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)




ә)



б)



в)



г)

70

№ 2

Оқыңыз.




14-тапсырма.

- кім, мен, *кіммен*: кіммен ойнайсың?; кіммен барасың? Сен саяжайға кіммен барасың? Олар тығылмақ кіммен ойнайды?
- бір, *бірге*: кіммен бірге?; әжеммен бірге; досыңмен бірге ме? Сен ауылға кіммен бірге барасың? Біз саяжайға ата мен әжемізбен бірге барамыз.
- өте, елу, *өсу* [өсуу]: не өседі?; өсе ме? Біздің саяжайда ағаштар өседі. Мен өсемін.
- ал, *алма*: алма ағашы; алмалар өседі. Біз туған күнде алма, балмұздақ жедік. Сенің саяжайыңда алма ағаштары өсе ме?
- жұмыс, *алмұрт*: алма ағашы әлде алмұрт ағашы; алмұрт жейсіңдер. Менің немере сіңлім алма мен алмұртты жақсы көреді. Маған алмұрт берші.
- болып, *алхоры* [алхорұ]: алпыс алхоры; алхоры лақтырма; алхоры ағаштары. Әрине, саяжайда алма ағашы да, алхоры ағашы да, алмұрт ағашы да өседі. Сен алхоры жейсің бе?
- жеті, әртіс, *жетпіс*: жетпісте; жетпісінші. Менің атам жетпісте. Мен жетпісінші үйде тұрамын.


№ 3

Жұмбақтарды аударыңыз, шешіңіз.



Жетпіс кемпір жер тістеп жатыр.

Дөп-дөңгелек, жұмсақ,
Дәмін татсаң,
Тәтті-ақ!



№ 4

Еске түсіріңіз.



бор мен сурет саламын
дос пен бірге барады
ойыншық сарбаз бен ойнаймын

(2-сынып оқулығының 80-бетінде)


№ 5

Толтырыңыз.

Мен «Бес тас» досым мен ойнаймын. Ауылда көкем, атам....., әжем..... бірге тұрады. Олар қыркүйектің сегізінде әке-шешесі..... саяжайға барады. Сен айды, алхорыны, алманы, алмұртты бояулар..... саласың ба? Сендер кинотеатрға кім..... бірге барасыздар?

№ 6

Санаңыз.



№ 7

Сөйлемдердегі сөздерді реттеңіз.

қашан сенің туған күнің? Сенің туған күнің қашан?
нешінші сен оқисың сыныпта?
жабайы өмір қайда сүреді жануарлар?
тұрасың кіммен бірге сен?
қандай сендер ойнайсындар ойын? (121-бетте)

№ 8

Әңгімелеңіз.

Мен Отанымды сүйемін, туған қаламды да сүйемін. Менің туған қалам – Жетіғара қаласы. Ол – өте әдемі қала.

Жетіғарада мен әке-шешеммен, атаммен бірге тұрамын. Біздің саяжайымыз бар. Әдетте мен атаммен бірге саяжайға барамын. Онда алма ағаштары, алмұрт ағаштары, алхоры ағаштары өседі.

Менің туған күнім жиырма бірінші қыркүйекте. Мен туған күнімді саяжайда өткіземін¹. Маған достарым келеді. Біз онда көп ойын ойнаймыз. Біз саяжайда алма, алхоры, алмұрт жейміз. Туған күнім көңілді болады!

№ 9

Әңгімеге 5 сұрақ қойыңыз.

№ 10




15-тапсырмадағы әңгімені тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

¹ Өткіземін – провожу.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



№ 2

Оқыңыз.



16-тапсырма.

• өседі, **КӨМЕКТЕСУ** [көмектесу]: көмектеспейді; мен көмектесемін. Біз саяжайға көмектесуге барамыз. Ол маған көмектеспейді. Мен атама көмектесемін.

• жиырма, **ЖИНАУ** [жыйнау]: сендер жинайсыңдар; жинауға ма? Сендер үйді қашан жинайсыңдар? Сендер саяжайға алма мен алмұрт жинауға барасыңдар ма? Сен бөлмеңді қашан жинайсың?

• жедік, **ЖЕУ**: не жейсің?; жеуге бола ма? Сен Салтанаттың туған күнінде не жедің? Мен әпкеммен бірге саяжайға алхоры мен алмұрт жинауға барамын.

• мен, **ДЕМАЛУ** [демалу]: демалуға. Мен саяжайға досыммен бірге ойнауға, демалуға барамын. Қыркүйек айында саяжайда демалу өте жақсы. Саяжайға мен көмектесуге де, демалуға да барамын.

40

№ 3

Өлеңді аударыңыз, шешіңіз.



Бес алған Асанға
Бес алма.
Төрт алған Досанға
Төрт алма.
Үш алған Хасанға
Үш алма.
Екі алған Бошанға
Неше алма?

Қ. Жұмағалиев

№ 4

Есте сақтаңыз.



демалу **ға** барамын
балық **қа** беремін

Мен атам **а** көмектесемін
Сен атаң **а** көмектесесің

Дәурен **ге** сыйлаймын
Қыз Жібек **ке** барамын

Мен әжем **е** барамын
Сен әжең **е** барасың

(120-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

- а) досым *а* сыйлаймын, апам..... беремін, үй..... барамыз, саяжай..... келеді, демалу..... барамын, сыныптасың..... сыйлайсың, дәптер..... сурет саласыңдар, орман..... барады.
- ә) *Сіздер* саяжайға барасыздар, атаңа сыйлайсың, альбомға сурет саламыз, алхоры жеуге барады, Әселге сыйлаймын, асыққа лақтырасыңдар, үстелге қойыңдар.

№ 6

а) Аударыңыз. Көшіріңіз.



17-тапсырма.

Рақмет, балам,
бақытты бол!



Айтқаныңыз
келсін!

ИНАБАТТЫЛЫҚ

ә) Екі балаға айтыңыз.

б) Енді ата-анаңызға айтыңыз (әрине, сыпайы түрде).

№ 7

Сөйлем құрастырыңыз.




№ 8

Сұхбаттасыңыз.

Сурет сабағында

- Бүгін нешесі? — деп сұрады мұғалім.
- Бүгін қазанның тоғызы, — деп жауап берді Қанат.
- Саяжайға ертең кім барады? — деп сұрады мұғалім.
- Мен саяжайға барамын, — деді Қанат.
- Мен де ертең саяжайға барамын, — деді Ғалия.
- Сендер саяжайға кіммен барасыздар? — деп сұрады апай.
- Мен саяжайға атаммен бірге барамын, — деді Ғалия.
- Менің атам ауылда тұрады, мен ағаммен барамын, — деді Қанат.
- Саяжайда не істейсіңдер? — деді апай.
- Мен демалуға барамын, — деді Қанат.
- Мен атама көмектесуге барамын, — деді Ғалия.
- Енді, балалар, альбомдарға саяжай суретін салыңдар.



№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)




ә)



в)



+ 20



- 10

б)



№ 2

Оқыңыз.



18-тапсырма.

- түс, **күз**: күзде болады; күзде барады. Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Күзде ағаштар сары болады.
- Әнуар, жуас, айы, **ауа райы**: қандай ауа райы; күз ауа райы. Күзде ауа райы қандай болады? Ертең ауа райы тамаша болады.
- қоңыр, **жаңбыр**: жаңбыр ма?; қандай жаңбыр? Мен жаңбырдың суретін саламын. Мен жаңбырды жақсы көремін.
- жануар, **жауу** [жауу]: жаңбыр жауады; жаңбыр жаумайды. Ертең жаңбыр жауа ма? Бүгін жаңбыр жаумайды.
- кел, **жел**: жел емес; жел болады. Менің жел салғым келеді. Суретте жел де бар, жаңбыр да бар.
- ойнағым келеді, **соғу** [соғу]: жел соғады; жел соқпайды. Жиырмамыншы қарашада жаңбыр жауады, жел соғады. Қазір жел соға ма?
- қырық, **жылы**: жылы күн; жылы жел. Бүгін ауа райы жылы. Ертең күн жылы бола ма?
- қасқыр, **салқын**: салқын әлде жылы; салқын ай. Ертең ауа райы жылы ма әлде салқын ба? Қазанның онында салқын жел соғады.

№ 3

Өнді аударыңыз, ән айтыңыз.



19-тапсырма.



Жау-жау, жаңбыр

Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
 Менің әсем қалама.
 Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
 Менің байтақ далама,
 Менің әсем қалама,
 Менің байтақ далама.

(нотасы 115-бетте)

№ 4

Сөздерді «Күз», «Отбасы», «Жануарлар» топтарына бөліңіз.

Кірпі, жаңбыр, жанұя, салқын, өмір сүреді, немере ағам, мейірімді, тұлкі, жел, қыркүйек, жүргізуші, жауады, жабайы жануар, жылы, зейнеткер, соқпайды, маймыл, ауа райы, ата-ана, қараша, лақ.


№ 5


Толтырыңыз.

-да, -де, -та, -те

Мен ата-анамды *да*,  мен  жақсы көремін.

Ол саяжайда  ағашы  ағашы өседі.

 далада  орманда өмір сүреді.

 қазанда  қарашада

Қыркүйекте  жауады, 

Қазан айында ауа райы  +20  -10 болады.

№ 6

Сұхбаттасыңыз.



— Сәлем, Нұржан!

— Рақмет, менің де, апамыздың да халі жақсы. Сенің ше?
— Не болды?

— Бізде ауа райы тамаша. Жаңбыр да жаумайды, жел де соқпайды.
— Бүгін қарашаның жиырма алтысы.

— Сәлем, Дәурен! Хал қалай? Апамыздың халі қалай?

— Жаман.
— Бұл қалада ауа райы салқын екен, жаңбыр жауады, жел соғады. Бізде ауа райы қалай?

— Дәурен, бүгін нешесі?
— Алақай¹, қандай жақсы болды!
Ертең мен үйге қайтамын².

¹ Алақай — ура.

² Қайтамын — возвращаюсь.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)



ә)



б)



в)



г)



№ 2

Оқыңыз.



20-тапсырма.

- дән, *дәм*: оның дәмі; қандай дәм? Оның дәмі қандай? Алманың дәмі жақсы. Алхорының дәмі тамаша.
- дәнді, *дәмді*: дәмді бауырсақ; дәмді емес. Бауырсақ өте дәмді! Дәмді нан жедік.
- тәте, суретті, *тәтті*: тәтті дәмі; тәтті алмұрт. Балмұздақтың дәмі тәтті. Оның дәмі тәтті ме?
- қырық, салқын, *қышқыл*: қышқыл лимон; қышқыл апельсин. Оның дәмі қышқыл емес. Алхорының дәмі қышқыл.
- жұмсақ ойыншық, *жұмсақ*: жұмсақ алмұрт; жұмсақ орындық. Бұл алмалар жұмсақ па? Маған жұмсақ алхоры берші.
- құтты, *қатты*: қатты шоколад; қатты ойыншық. Мен қатты алма жемеймін. Мен қатты алхоры жақсы көремін.
- дене, *неге*: неге барасың?; неге әпересің? Сен алма мен алмұртты неге жақсы көресің? Сен олармен бірге неге ойнамайсың?
- мектебі, *себебі*: себебі қышқыл. Мен ағамды жақсы көремін, себебі ол мейірімді. Мен алхорыны жақсы көремін, себебі оның дәмі тәтті.

№ 3

Тақпақты аударыңыз, жаттаңыз.



Саяжайға барамын,
Саяжайдан аламын,
Алма, алмұрт, алхоры.
Дәмі тәтті, тіл үйірет!

№ 4

Жалғастырыңыз.

Мен Қазақстанды сүйемін, себебі Қазақстан —
Мен алма жақсы көремін, себебі оның дәмі
Олар алмұрт жейді, себебі оның дәмі тәтті және ол
Біз лимонмен шай¹ ішеміз, себебі лимонның
Саяжайымда алмұрт ағаштары өседі, себебі алмұрт дәмді, тәтті,

¹ Шай [шәй] — чай.

№ 5

а) Аударыңыз. Көшіріңіз.



21-тапсырма.



ИНАБАТТЫЛЫҚ



ә) Екі балаға айтыңыз.

б) Үлкен кісіге айтыңыз.

в) Енді ата-анаңызға айтыңыз (әрине, сыпайы түрде).

№ 6

Әңгімелеңіз.



Серік

Серік Құсайынов үшінші сыныпта оқиды. Оның отбасы үлкен. Әкесімен, апасымен, атасымен және әжесімен бірге тұрады. Серіктің атасы мен әжесі жұмыс істемейді, себебі олар — зейнеткерлер. Ата-анасы жұмыс істейді. Әкесі Өлішер жүргізуші болып істейді. Апасы Баян банк қызметкері болып істейді. Серіктің атасы алпыс екіде, әжесі алпыста. Әкесі де, шешесі де отыз төртте.

Олардың отбасының саяжайы бар. Саяжайда алма ағаштары, алмұрт ағаштары, алхоры ағаштары өседі. Серіктің атасы мен әжесі күзде, қазан айында саяжайдан алма, алмұрт, алхоры жинайды. Серік те атасы мен әжесіне алма, алмұрт, алхоры жинауға көмектеседі.

Серік саяжайға алма, алмұрт пен алхорыны жеуге де барады. Ол алманы да, алхорыны да, алмұртты да жақсы көреді, себебі олардың дәмі тәтті, олар өте жұмсақ, қатты емес.

Серік — мейірімді бала. Ол достарына, сыныптастарына да алма, алмұрт, алхоры береді.

№ 7

Сұрақтарға жауап беріңіз.

а) Баланың аты-жөні кім?

ә) Оның ата-анасы туралы не білесіз?

б) Атасы мен әжесі туралы ше?



в) Саяжайда нелер өседі?

г) Серік саяжайға неге барады?

ғ) Ол алма, алмұрт пен алхорыны неге жақсы көреді?

№ 1

Еске түсіріңіз.



№ 2

Жазыңыз.



[уондаалмағашыөсөді] —
 [бізалхорүжедік] —
 [бүгүнауарайысалқын] —
 [менәжемегөмөктесемін] —

№ 3

Жауап беріңіз.

46

Тазша бала ертең не істейді?



№ 4

Дұрыс па?

2a

Мен қарашада саяжайда барамын. Мен Отанымға сүйемін. Сен менің кел. Сен асықпен ұр. Олар үзілісте ойнайсың. Мен бес алма Асанмен беремін. Мен жеті атам туралы жатқа білесің.

№ 5



22- тапсырмадағы сұхбатты тыңдаңыз, сұраққа жауап беріңіз.

№ 6

Өзіңізді тексеріңіз.

Сынақ

1. Мен ... қарашада саяжайға барамын.
а) қашан.
ә) екінші.
б) екі.

2. Саяжайда ... өседі.
а) алмұрт пен алхоры.
ә) оқушы.
б) алпыс.

3. Сен саяжайға неге барасың?
а) Сабақ оқуға.
ә) Тәтті.
б) Атама көмектесуге.



4. 77 – ...
а) жетпіс сегіз.
ә) жетпіс жеті.
б) жетпіс тоғыз.


5. Қатты ↔ ...
а) жұмсақ.
ә) туралы.
б) жеу.

6. Ас дәмді ...
а) келсін!
ә) құтты болсын!
б) болсын!


7. ... кемпір жер тістеп жатыр.
а) Қырық.
ә) Жетпіс.
б) Бір.

№ 7


Ойнайық!



2. 7



Достар



- 1 -

Дала бүгін жақсы, себебі ауа райы тамаша, жаңбыр жаумайды, жел соқпайды. Кірпі үйде отыр¹. Қоян үйде емес, далада жүр.

Қоян Кірпіге барады:

— Әй, Кірпі, мұнда кел, — дейді Қоян.

— Қазір. Не болды? — деп сұрайды Кірпі.

— Кірпі, кешір, сенде лимон бар ма? — деді Қоян.

— Жок, менде лимон жоқ. Менде алма көп, алмұрт та бар, алхоры да бар, — деп жауап береді Кірпі.

— Сенде лимон неге жоқ, — деп сұрайды Қоян.

— Себебі ол қышқыл, тәтті емес, — деп жауап береді Кірпі.

— Менің лимон жегім келеді², себебі мен ауырып қалдым³. Апчи! — деп түшкірді⁴ Қоян.

— Сау бол! — деді Кірпі.

— Рақмет, досым! — деп жауап береді Қоян, — Пілдің саяжайында лимон ағашы өседі. Жүр, Пілге барамыз.

— Жок, мен бармаймын. Піл жабайы жануар ғой, — деді Қоян.

— Жок, ол Піл өте жуас, өте мейірімді жануар. Ол бізге лимон береді. Жүр, — деді Кірпі.

— Жарайды, жүр, — деп жауап береді Қоян.

¹ Отыр — сидит.

² Жегім келеді — я хочу кушать.

³ Ауырып қалдым — я заболел.

⁴ Түшкірді — чихнул.



- 2 -

Кірпі мен Қоян Пілге келді. Піл саяжайда алма, алмұрт, алхоры, лимон мен апельсиндер жинап жүр екен¹.

— Сәлем, Піл! — деп амандасты² жануарлар.

— Сәлем, достарым! — деді Піл. — Хал қалай, Қоян?

— Ой, мен ауырып қалдым. Апчи! — деді Қоян.

— Сау бол! — деді Піл. — Саған лимон жеу керек. Қазір мен жинаймын.

Піл көп лимон жинады да, Қоянға берді. Қоян қуанып қалды³. Ол лимон жеп жазылып кетті⁴.

№ 2

Сұрақтарға жауап беріңіз.

- а) Далада ауа райы қандай?
- ә) Далада қандай жануарлар өмір сүреді екен?
- б) Кірпиде не бар? Не жоқ? Неге жоқ?
- в) Қоян кірпіден не сұрады?
- г) Қоянға кім көмектеседі?
- ғ) Піл қандай?

¹ Жинап жүр екен — оказывается, собирает.

² Амандасты — поздоровались.

³ Қуанып қалды — обрадовался.

⁴ Жазылып кетті — выздоровел.

Жаңа жылда — жаңа жыр

Қандай сөздермен танысасыз?



Не туралы сөйлейсіз?



Қандай ережелермен танысасыз?

Ол қоян **болып** киінеді.
Мен аю **болып** киінемін.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)




ә)



б)



в)



г)



№ 2

Оқыңыз.



23-тапсырма.

- қоңыр, **жаңа жыл**: жаңа жыл кел; көңілді Жаңа жыл. Сен Жаңа жыл туралы не білесің? Мен де, олар да Жаңа жылды жақсы көреміз.
- керемет, **мереке**: қызық мереке; Жаңа жыл мерекесі. Сендер Жаңа жыл мерекесінде не істейсіңдер? Маған Жаңа жыл мерекесі ұнайды.
- ағылшынша, **шырша**: жасыл шырша; әдемі шырша. Біздің бөлмеде жасыл шырша тұр. Шыршаның түсі жасыл болады.
- секіру, **безендіру** [безендіруу]: шыршаны безендіреміз; бөлмені безендіреді. Сендер шыршаны қашан безендіресіңдер? Мен ініммен бірге бөлмені безендіремін.
- іні, елу, **ілу** [ілүү]: ілемін; ілмеймін. Жүр, шыршаға ойыншықтар ілеміз. Жарайды, мен де шыршаға ойыншықтар ілемін.
- ойыншық, **шырша ойыншығы**: ақ шырша ойыншықтары; шырша ойыншықтарын ілесіз. Шыршаға жетпіс ойыншық ілеміз.
- тығылмақ, **жылтырақ**: жылтырақтар; Жаңа жыл жылтырақтары. Мен қазір жылтырақтарды ілемін. Жоқ, сіз жылтырақтарды іліңізші.
- әпер, күлкілі, **әр түрлі**: әр түрлі алмалар; әр түрлі қалалар. Менің әр түрлі ойыншық сарбаздарым бар. Мен әр түрлі асықтармен ойнаймын.

№ 3

Өлең үзіндісін аударыңыз, жаттаңыз.

Жаңа жыл

- 1 -

Жаңа жыл,
Жаңа жыл!

Жаңа жылда – жаңа жыр,
Жасыл шырша жанында
Жадырап бар бала жүр...




№ 4

Қате табыңыз.

Сен қазір не істейд^{сің}? Олар шыршаны безендіресің. Біз ағылшынша жақсы сөйлеймін. Сіз орындық жасайды. Кел, шыршаға ойыншықтар мен жылтырақтарды ілесің. Жаңа жыл мерекесі қашан боламын? Мен әр түрлі ағаштар саламыз.

№ 5

Сөйлем құрастырыңыз.



№ 6

Әңгімелеңіз.

Жаңа жылға дайындық¹



Біздің сыныпта жиырма бес бала оқиды, он екі қыз, он үш ұл бала. Бізге информатика мен еңбек сабағы ұнайды. Бүгін информатика болды, жұма күні еңбек сабағы болады. Қыздарға еңбек сабағынан Гүлшат апай береді, ұлдарға Дмитрий Сергеевич береді. Олар – өте мейірімді мұғалімдер. Жұма күні еңбек сабағында қыздар Жаңа жыл мерекесіне жылтырақтар мен шырша ойыншықтар істейді, ұлдар ағаштан пілдің, аюдың, қоянның, лақтың, түйенің мүсіншелерін² жасайды.

Жексенбі күні мектепте Жаңа жыл шыршасы болады. Мен сыныптастарыммен бірге шыршаны безендіремін. Оған жылтырақтар, әр түрлі ойыншықтар ілеміз. Сосын біз сынып бөлмесін шар және жылтырақтармен безендіреміз.

Мектептің Жаңа жыл мерекесінде мен ән айтамын, Әсел тақпақ айтады, Таня қазақша Жаңа жыл туралы өлең оқиды. Меніңше, Жаңа жыл мерекесі көңілді болады.

№ 7

Енді осы әңгімені 3-жақпен айтыңыз.

№ 8



24-тапсырмадағы диктордың айтқан сөзін орындаңыз.

¹ Дайындық – подготовка.

² Мүсіншелерін – здесь: маленькие фигурки.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



№ 2

Оқыңыз.



25-тапсырма.

• кәнеки, *киіну* [кйінүү]: мен киінемін; түлкі болып киіну. Мен Жаңа жыл мерекесінде Қобыланды батыр болып киінемін. Сен Жаңа жыл мерекесінде кім болып киінесің?

• ақ, қара, *Ақша қар*¹ [ақшағар]: ақша қар; Ақша қар сыйлады. Мен Жаңа жыл мерекесінде ақша қар болып киінемін. Сен Ақша қар туралы өлең білесің бе?

• *сатып алу* [сатыбалүү]: кім сатып алады?; қашан сатып аласыз? Мен аю қасқырын сатып аламын. Маған апам жаңа жыл костюмін сатып алмайды, тігеді.

• үлкен, *дүкен* [дүкөн]: дүкеннен; дүкеннің аты. Сен жаңа жыл костюмін қай дүкеннен сатып аласың? Көкем маған жаңа жыл көйлегін дүкеннен сатып алады. Жаңа жылда сатушылар дүкендерді безендіреді.

• секіру, *сауда үйі* [саудаүйү]: сауда үйінен; «Алма» сауда үйінен сатып аламын. Маған әжем жаңа жыл костюмін сауда үйінен сатып алады.

• қайда, *қайдан*: қайдан келді?; қайдан аласың? Сен қайдан келдің? Ата-анаң саған жаңа жыл костюмін қайдан сатып алады?

№ 3

Өнді аударыңыз, ән айтыңыз.



26-тапсырма.

Шырша жыры

Аппақ, аппақ жапалақтап,
Қар жауады тынбастан.
Қалың орман қар жамылған,
Маужырайды түнгі аспан.

(нотасы 116-бетте)



¹ Ақша қар — Снегурочка, ақша қар — снежинка.

№ 4

Табыңыз. Жауап беріңіз.

Олар Жаңа жыл шыршасында кім болып киінеді?



Үлгі: Жандос Жаңа жыл шыршасында аю болып киінеді.

№ 5

а) Жауап беріңіз.

Дәурен Жаңа жыл мерекесінде кім болып киінеді?
Ол костюмін қайдан алады? Інісі ше?



Маған апам жаңа жыл костюмін сатып алады.

Маған апам жаңа жыл костюмін тігеді.

Маған апам аю костюмін тігеді.

Апам дүкеннен ақша қар костюмін сатып алады.

Менің ініме апам жаңа жыл костюмін тігеді.

Менің ініме апам арыстан костюмін сатып алады.

Оған апам сауда үйінен сатып алады.

Оған апам қоян костюмін тігеді.

ә) Өзіңіз туралы белгілеңіз, айтып беріңіз.

б) Енді сыныптасыңыздан сұрап, белгілеңіз де, айтып беріңіз.

№ 6

Ауыстырыңыз. Сұхбаттасыңыз.



Жанар: Айгүл, Жаңа жыл құтты болсын!

Айгүл: Рақмет, бірге болсын!

Жанар: Айгүл, сен Жаңа жыл шыршасына кім болып киінесің?

Айгүл: Мен **ақша қар** болып киінемін. Сен ше?¹

Жанар: Мен **Қыз Жібек** болып киінемін.

Айгүл: Сен Қыз Жібек көйлегін қайдан аласың?

Жанар: Апам тігеді.

Айгүл: Маған апам дүкеннен сатып алады.

¹ Сен ше? – А ты?

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



№ 2

Оқыңыз.



27-тапсырма.

• сен, **сені**: сені жақсы көремін; сені білемін. Апа, мен сені жақсы көремін. Мен сені білемін, себебі сен біздің мектепте оқисың.

• құтты болсын, **құттықтау** [құттұқтау]: сені құттықтаймыз; немен құттықтады? Сізді Жаңа жылмен құттықтаймын. Сені туған күніңмен құттықтаймын.

• қыз, **бақыт**: бақыт болсын; үлкен бақыт. Жаңа жылда бақыт болсын. Сізге бақыт тілейміз. Саған бақыт тілеймін.

• істеу, **тілеу**: мен тілеймін; оған тілейсің; саған тілейміз. Сыныптастарыма үлкен бақыт тілеймін. Жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз, бақыт тілейміз.

• сау болыңыз; **денсаулық**: денсаулығы жақсы; денсаулық тілеймін. Жаңа жылда бақыт, денсаулық тілеймін. Сенің денсаулығың жақсы болсын. Саған денсаулық тілеймін.

• тілеу, **билеу** [бійлеу]: мен билеймін; кіммен билейсің? Жаңа жыл шыршасында билеймін. Сен кіммен билейсің?

• дүкен, **жүлде**: жүлде алады; бірінші жүлде. Айша Жаңа жыл шыршасында жүлде алды. Дене шынықтыру сабағында мұғалім балаларға жүлде береді.

№ 3

Өлең үзіндісін аударыңыз, жаттаңыз.

Жаңа жыл

- 2 -



...Қала нұр,
Дала нұр
Құтты болсын жаңа жыл!
Шырша жаны көңілді,
Билеп барлық бала жүр.

№ 4

Табыңыз.

Үлгі: Сен/олар қазақша ән білесің бе? — Сен қазақша ән білесің бе?

Мен сенің/саған бақыт тілеймін. Мен саған/сенімен бірге саябаққа барамын. Сен/мен Отанымды сүйемін. Біз сізге/сіздің денсаулық тілейміз. Ол сабақтан қандай/кім береді? Жаңа жыл мерекесімен сізді/сіз құттықтаймыз.

№ 5

Санаңыз.

а) Олардың телефон нөмірлері¹ қандай?



25-39-60



41-77-55



54-32-19



66-48-26

ә) Енді өз телефон нөміріңізді айтыңыз.

б) Досыңыздың телефон нөмірін айтыңыз.

№ 6

Оқыңыз.

Жаңа жыл шыршасында

Бүгін жұма, желтоқсанның жиырма сегізі. Балалар өте көңілді, себебі бүгін Жаңа жыл шыршасы болады. Мен Жаңа жыл шыршасында қоян болып киінемін. Менің сыныптасым Ақмарал ақша қар болып киінеді. Маған қоян костюмін тәтем тікті², Ақмаралға әкесі дүкеннен сатып алды.

Мен Жаңа жыл шыршасында дос қызым Ақмаралға Жаңа жыл ашық хатын сыйлаймын. Ашық хатқа былай жаздым:

Ақмарал досым!

Сені Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймын.

Саған денсаулық, бақыт тілеймін. Беске оқы!

Гүлнәр

57

Ақмаралмен бірге қазақ тілі мұғалімін Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Оған біз былай айтамыз:

Құрметті Дариға апай!

Сізді Жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз.

Сізге денсаулық, бақыт тілейміз.

Ақмарал, Гүлнәр

Әрине, барлық³ мұғалімдерді де Жаңа жылмен құттықтаймыз.

Жаңа жыл шыршасында Ақмарал билейді. Мен де билеймін. Біздің сыныптастарымыз Аяз Ата, Ақша қар, Жаңа жыл туралы орысша, қазақша ән айтады, өлең оқиды. Аяз Ата балаларға жүлделер береді.

№ 7

Мәтінге сәйкес пе?

Гүлнәрдің дос қызы – Сәлима.

Бүгін жиырма сегізінші желтоқсан.

Ақмарал да, Гүлнәр да ақша қар болып киінеді.

Гүлнәр Ақмаралға ашық хат сыйлайды.

Оған: «Туған күніңмен құттықтаймын», – деп жазды.

Алдар Көсе балаларға жүлделер береді.



¹ Нөмір – номер.

² Тікті – сшила.

³ Барлық – все, всех.

№ 1

Аударыңыз, тіркесін құрастырыңыз. _____

африкандық

№ 2



Сөйлем құрастырыңыз. _____



Бұл – Қарабай. Ол Қаржоқта тұрады. Қаржоқ – оның Отаны. Ол Отанын сүйеді.

Әрине, Қаржоқта Жаңа жыл мерекесі болады. Бұл мерекеде олар не істейді?


Қаржоқтағы Жаңа жыл мерекесі



3



4



5



6



№ 3

Толтырыңыз.

1

Қар жоқта қар жаунайды,
жаңбыр жауады.

2

3

4

5

6

Қыстағы қар — жерге ырыс

Қандай сөздермен танысасыз?



Не туралы сөйлейсіз?



Қандай ережелермен танысасыз?

80 81 82 83 84 85 86 87 88 89


Мен бардым
Сен бардың
Сіз бардыңыз
Ол барды

Мен жинаған жоқпын
Сен жинаған жоқсың
Сіз жинаған жоқсыз
Ол жинаған жоқ


№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)




ә)



б)



в)



- 30

№ 2

Оқыңыз.



28-тапсырма.

• қара, **қар**: қар жауады; қар жаумайды. Қар қашан жауады? Қар ертең жауа ма?

• қыз, **қыс**: қыс ауа райы; қыста жауады. Қыста ауа райы қандай болады? Менің туған күнім қыста болады. Қыста орман қандай болады? Қыста жануарлар не істейді?

• боламын, **боран**: боран соғады; боран соқпайды. Қыста боран соғады. Боран қашан соғады?

• қуыспақ, **суық** [сұуқ]: суық күн; суық бөлме. Бүгін суық болады. Қыста суық болады. Ертең күн суық болмайды, ертең күн жылы болады.


• Аяз ата, **аязды** [айазды]: суық та, аязды да. Ертең Астанада күн аязды емес. Маған аязды күндер ұнайды.

• дене, **кеше**: кеше келді; кеше көмектесті. Мен кеше ана тілі сабағында өлеңді жатқа айттым. Кеше ауа райы қандай болды? Арманның туған күні кеше емес, бүгін болады.

№ 3

Өлең үзіндісін аударыңыз, жаттаңыз.


Қыс келді, қыс мұз-қарлы,
Қыраулы да, ызғарлы.
Қыс келді, қыс боранды,
Қырат көрпе оранды.



Қадыр Мырза Әли

№ 4

Есте сақтаңыз.



(123-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

- а) Мен кеше сурет сал *дым*. Сен кеше не істе..... ? Сіз бүгін саяжайға бар..... .
 Әйгерім кітаптан не біл..... ? Біз тәтті балмұздақ жеме..... . Сендер қыркүйектің
 алтысында көйлек тік..... ме? Сіздер кеше жұмысқа бар..... . Кеше суық бол... .
 ә) *Сен* демалдың, соқты, секіртпе ойнадық, алхоры жемедім.....,
 тақпақ оқыды, ағылшынша сөйледіңіз, Францияда тұрдық,
 ойыншық сарбаз сыйладым.

№ 6

Ауыстырыңыз.

Үлгі: Мен ертең әпкеммен бірге саяжайға барамын. –

Мен кеше әпкеммен бірге саяжайға бардым.

Мен екінші сыныпта оқимын. Мен төртбұрыш ойнаймын. Бүгін қар жауады, боран соғады. Сен ертең не істейсің? Олар Қобыланды көшесінде тұрады. Сиыр шөп жейді. Саяжайға алма жинауға барамын. Ертең ауа райы суық болады.

№ 7



Бүгін қарашаның отызы. Әрине, қараша айы — күз айы, бірақ кеше де, бүгін де ауа райы өте суық болды, қар жауды, боран соқты.

Кеше жексенбі болды. Мен ата-анаммен бірге саяжайға бардым. Онда мен демалдым, қармен ойнадым. Тағы мен алма, алмұрт жедім. Олар қазір ағашта емес, үйде сақтаулы¹. Мен күзде атаммен бірге оларды жинадым.

Қыста біз саяжайға бармаймыз, себебі ауа райы өте суық болады, қар көп жауады, боран соғады. Саяжайға жол² болмайды. Бірақ мен қысты жақсы көремін, себебі қыста менің туған күнім болады. Маған достарым келеді. Олар маған көп ойыншық, кітап сыйлайды. Біз ойындар ойнаймыз, тәтті торт жейміз. Өте көңілді болады.

№ 8

Соңғы төрт сөйлемдегі етістіктерді өткен шаққа ауыстырыңыз.

¹ Сақтаулы — хранится.

² Жол — дорога.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



29-тапсырма.

- ана, *шана*: шаналар; шана әперші. Менің шанам бар. Маған шана әперші.
- ағалар, *сырғанау*: шанамен сырғанаймын; шанамен сырғанадық. Біз кеше шанамен сырғанадық. Сен жексенбіде шанамен сырғанайсың.
- тығылмақ, *сырғанақ*: сырғанақта сырғанадық; сырғанақтың түсі. Олар кеше сырғанақта сырғанады. Сырғанақты кім істеді?
- жаңбыр, *шаңғы*: шаңғылар; шаңғы әлде шана. Мен оған шаңғы сыйладым. Шаңғың бар ма?
- елу, *тебу* [тебуу]: шаңғы тебемін; шаңғы тептім. Қыста балалар шаңғы тебеді, шанамен сырғанайды. Әрине, біздің отбасы бұл жексенбіде шаңғы тебеді. Кеше мен шаңғы тептім, себебі кеше көп қар жауды.
- ақ, қала, *аққала*: аққала жасадым, күлкілі аққалалар [аққаллар]. Мен досыммен бірге аққала жасаймын. Бұл аққаланы кімдер жасады?
- аудару, *аула*: аулада ойнаймыз; аулада ойнады. Сендер аулада не істедіңдер? Біз аулада төртбұрыш ойнадық.

№ 3

Есте сақтаңыз.



+
 Мен жинаған жоқ **п**ын
 Сен жинаған жоқ **с**ың
 Сіз жинаған жоқ **с**ыз
 Ол жинаған жоқ

№ 4

Мақал-мәтелді аударыңыз, жаттаңыз.

**Қыстағы қар — жерге ырыс,
Жердегі ылғал — елге ырыс.**



№ 5

Толтырыңыз.

- а) сен келдің — сен кел *сен* жоқ *сың* .
 мен ойнадым — мен ойна..... жоқ..... .
 сіз аудардыңыз — сіз аудар..... жоқ..... .
 мен шаңғы тептім — мен шаңғы теп..... жоқ..... .
 ол шанамен сырғанады — ол шанамен сырғана..... жоқ..... .
 біз аққала жасадық — біз аққала жаса..... жоқ..... .
- ә) *сен* шаңғы тепкен жоқсың, қармен ойнаған жоқ, шанамен сырғанаған жоқпын, коньки тепкен жоқсыз, сноубордпен сырғанаған жоқпыз, алмұрт жинаған жоқсың.

№ 6

Табыңыз.

- | | |
|---|---|
| 1. Сендер кеше аулада аққала жасадыңдар ма? | А. Мен демалдым, кітап оқыдым. |
| 2. Сендер ертең аулада аққала жасайсыңдар ма? | Ә. Жоқ, жасамаймыз. |
| 3. Сен кеше кіммен бірге шанамен сырғанадың? | Б. Жоқ, сырғанаған жоқ. |
| 4. Сен тағы шанамен сырғанайсың ба? | В. Шаңғы тептік, қар ойнадық, аққала жасадық. |
| 5. Олар тағы сырғанады ма? | Г. Досыммен бірге. |
| 6. Сен жексенбіде не істедің? | Ғ. Жоқ, сырғанамаймын. |
| 7. Сендер жексенбіде не істедіңдер? | Д. Иә, жасадық. |

65

№ 7

Сұхбаттасыңыз.



- Олжас:* Сәлем, Азат!
Азат: Сәлем, Олжас!
Олжас: Бүгін ауа райы тамаша, қар жауды. Жүр, аулада шаңғы тебеміз.
Азат: Жоқ, мен кеше шаңғы тептім.
Олжас: Онда шанамен сырғанаймыз.
Азат: Жоқ, мен шанамен де сырғанадым.
Олжас: Онда қандай ойын ойнаймыз?
Азат: Сноубордпен сырғанайық.
Олжас: Мәссаған, биік тау керек қой!¹
Азат: Қардан жасаймыз.
Олжас: Жарайсың! Жүр.

¹ Биік тау керек қой — нужна же высокая гора.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)




ә)



б)



в)



г)

80

№ 2

Оқыңыз.



30-тапсырма.

- жел, тоқсан, **ЖЕЛТОҚСАН**: желтоқсан айында; желтоқсанда; қарашада. Менің туған күнім желтоқсанның онында. Бүгін сегізінші желтоқсан ба?
- шаңғы, **ҚАҒТАР**: қаңтардың нешесінде?; қаңтардың ауа райы. Қаңтар – қыс айы. Бірінші қаңтарда Жаңа жыл мерекесін тойладық.
- ақ, **АҚПАН**: ақпан айының күндері; ақпанда ма? Ақпанда ауа райы қандай болады? Ақпан айы – өте суық ай.
- еңбек, **ЕҢ**: ең жуас; ең салқын ай. Қыс айларынан ақпан – ең суық ай. Менің анам – ең мейірімді адам. Ең қышқыл, әрине, лимон.
- ас, **АСПАН**: ақ аспан; көк аспан. Аспанның түсі қандай? Аспанда құстар бар.
- бұл, **БҰЛТ**: қара бұлт; сұр бұлт. Аспанда сұр бұлт жиналды. Қазір жаңбыр жауады, себебі аспанда қара бұлт жиналды.
- тұрады, **СЕКСЕН**: сексен сегіз; сексенінші. Менің атам сексен алтыда. Мен сексен алтыншы мектепте оқимын.

№ 3



Өлең үзіндісін аударыңыз, толтырыңыз, жаттаңыз.

Қашан болады?

Қыркүйекте жаңбыр жауады,
 Қарашада салқын болады.
 Қазанда да жел соғады,
 Әрине, былай ... болады.

Ең суық – осы ай,
 Ең қарлы да осы ай.
 Ең қысқа да осы ай,
 Аты оның ... – ай!

Г. Досмамбетова



№ 4

Жаңылтпашты аударыңыз, тез айтып беріңіз.

Сейсен сейсенбіде
сексен сексеуілден секірген.



№ 5

а) Жауап беріңіз.

Балалар қазір не істейді?

Саған қай ойын ұнайды?

Неге?



ә) Енді өткен шақта айтыңыз.

№ 6

а) Келісіңіз.

Саған суық ауа райы ұнайды.
Ең суық ай — қыркүйек.
Аспанда сұр бұлт жиналған жоқ.
Қаңтарда қар аз жауды.
Ақпанда қар көп жауады.

ә) Келіспеңіз.

Маған ызақор балалар ұнайды.
Оған желтоқсан айы ұнамайды.
Алмұрттың дәмі қышқыл.
Біз кеше аққала жасадық.
Еңбек сабағында ол орындық
жасады.

№ 7

Әр жаңа жолға ат қойыңыз. Өңгімелеңіз.

Қыста үш ай бар. Олар: желтоқсан, қаңтар мен ақпан. Бірінші ай — желтоқсан. Желтоқсаннан бастап жел тоқсан күн соғады. Ол — өте суық жел. Күн жылы болмайды, себебі ауа райы салқын, 20 градус суық болады.

Екінші қыс айы — қаңтар айы. Бұл айда да ауа райы суық болады, қар жауады, боран соғады.

Үшінші қыс айы, әрине, ақпан айы. Ақпан айы — ең суық ай, себебі онда боран күнде соғады, қар да көп жауады, балалар аулада көп ойнамайды.

№ 8



31-тапсырмадағы сұрақтарға жауап беріңіз.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)



ә)



б)



№ 2

Оқыңыз.



32-тапсырма.

• қыс, **ҚЫСҚЫ**: қысқы саяжай; қысқы ауа райы. Астана қаласында қысқы ауа райы аязды болады. Қысқы орманда жануарлар не істейді?

• демалу, **ДЕМАЛЫС**: қысқы демалысым; қысқы демалыста. Қысқы демалыста мен шаңғы тептім. Маған қысқы демалыс ұнайды, себебі қыста қар жауады, шаңғы тебеміз, шанамен сырғанаймыз.

• сауда үйі, **ТАУ**: тауға барамын; тау суретін салған жоқсың. Мен кеше жанұяммен бірге тауға бардым. Біз сенбі мен жексенбі күні тауда демаламыз.

• ойнау, **ДЕП ОЙЛАУ**: не деп ойлайсың?; болады деп ойладың. Ертең қар жауады деп ойлаймын. Бүгін алты сабақ болады деп ойлаймын.

• бір, ақ, **БІРАҚ**: бірақ жасадым; бірақ аударған жоқпын. Мен саяжайда алма, алмұрт жинаймын, бірақ онда демалмаймын. Астанада қар жауады, бірақ бізде қар жаумайды. Менің інім бар, бірақ ағам жоқ. Ертең дүниетану сабағы болады, бірақ дене шынықтыру болмайды.

• ақ, **АППАҚ**: аппақ қар; аппақ түс. Қардың түсі аппақ. Мен аппақ бояумен сурет салдым. Мен «Аппақ, аппақ жапалақтап» әнін білемін. Қардың түсі неге аппақ?

• көк, **КӨКПЕҢБЕК** [көкпөңбек]: көкпөңбек аспан; көкпөңбек қарындаш. Аспанның түсі көкпөңбек. Маған көкпөңбек бояу берші.


№ 3

а) Аударыңыз. Көшіріңіз.



33-тапсырма.

Айтқаныңыз келсін!



Іске сәт!

ИНБАТТЫЛЫҚ

ә) Екі балаға айтыңыз.

б) Үлкен кісіге айтыңыз.

в) Енді ата-анаңызға айтыңыз (әрине, сыпайы түрде).

№ 4

Есте сақтаңыз.



сары — сап-сары
үлкен — үп-үлкен

(122-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

а) *қара* -қара,-салқын,-жылы,-тәтті,-жұмсақ,-қатты,-қышқыл,-жақсы,-жаңа,-жас,-кішкентай.

ә) қып-*қызыл*, жұп-....., жап-....., әп-....., үп-.....

№ 6

Сөйлем құрастырыңыз.

Бүгін қар жауады
Жұманның атасы тоқсанда
Оның аты-жөні Асқарова Баян
Сен сатушы болғың келеді
Астана – ең әдемі қала
Олар тауда ...
Қысқы демалыста ...

деп

ойла... .

№ 7

Әр жаңа жолдың атын қойыңыз. Ауыстырыңыз (суық → сұп-суық).

Менің қысқы демалысым

Біздің қысқы демалысымыз отызыншы желтоқсаннан тоғызыншы қаңтарға дейін¹ болды. Аулада ойнаған жоқпын, себебі ауа райы суық болды, қар жауды, боран соқты. Мен үйде сурет салдым.

Біріншіден, мен түрлі-түсті қарындаштарды алдым, сосын альбомға көк қарындашпен аспан салдым. Бұлтты сұр қарындашпен салдым, бірақ ағаштарды қоңыр қарындашпен емес, сары қарындашпен боядым. Тағы үлкен тау салдым. Тауды ақ түспен боядым. Тауға балаларды салдым. Суретіме екі аққала салдым. Олар өте күлкілі болды деп ойлаймын, себебі бірінші аққала жасыл, екінші аққала қызыл. Мен оларды фломастерлермен боядым. Аққалалар сүйкімді, күлкілі болды. Суретім әдемі болды. Тәтеме де, ағама да суретім ұнады.



№ 8

Жауап беріңіз.

1. Қысқы демалыс неше күн болды?
2. Ол жануарларды салды ма?
3. Ол өсімдіктерді салды ма?
4. Балалар тауда не істеді деп ойлайсыз?

¹ Дейін — до.

5

НӘТИЖЕ

№ 1

Еске түсіріңіз.



№ 2

Жазыңыз.



[бүгүн айазды] —

[кешеғаржауды] —

[ментаудашаңғытептім] —

[аспандабүлгөп] —

№ 3

а) Жауап беріңіз.

Алпамыс батыр кеше не істеді?

Алпамыс батыр ертең не істейді?



ә) Әр сурет бойынша шағын әңгіме құрастырыңыз.

№ 4

Толтырыңыз.

Мен қып-..... алма жеймін. Олар кеше қуыспақ ойна..... Сен кеше Жаңа жылмен кімді құттықта.....? Біз шапамен сырғанауды жақсы көре.... Қысқы демалыста мен, әке-шеше....., аға.... мен әпкем тауға барамыз. Оның атасы да, әжесі де сексен.....

№ 5



34-тапсырмадағы әңгімені тыңдаңыз, жалғастырыңыз.

№ 6

Өзіңізді тексеріңіз.

Сынақ

1. Қыста ауа райы қандай болады?

- а) Суық болады.
- ә) Жылы болады.
- б) Жып-жылы болады.

2. Қыста балалар не ойнайды?

- а) Төртбұрыш ойнайды.
- ә) «Бес тас» ойнайды.
- б) Қар ойнайды.

3. Ол кеше не істеді?

- а) Ол шанамен сырғанады.
- ә) Ол шанамен сырғанайды.
- б) Ол шанамен сырғанай ма?



4. 88 — ...

- а) сексен сегіз.
- ә) сексен жеті.
- б) сексен.

5. Суық ↔ ...

- а) қатты.
- ә) мейірімді.
- б) жылы.

6. Іске сәт!

- а) Жайлы жатып, жақсы тұрыңыз!
- ә) Айтқаныңыз келсін!
- б) Ас дәмді болсын!

7. Қыстағы қар жерге


- а) қырық.
- ә) қызық.
- б) ырыс.

71

№ 7

Ойнайық!

Сөзжұмбақ



1.



2.



3. қыс...

4. желтоқсан, ..., ақпан

№ 1

Аударыңыз, тіркестерін табыңыз.

мұз, қар сабағы

№ 2

Өңгімелеңіз.



Аққала мен аққалалар

Бір жерде қала бар екен. Қаланың аты — Аққала, себебі онда аққалалар тұрады. Аққалада қыс болады, күз, көктем мен жаз¹ болмайды. Әрине, Аққалада қысқы ауа райы, күн суп-суық болады, қар көп жауады, боран соғады, бірақ жаңбыр жаумайды.

72


Аққалада үш ай болады екен. Олар — қыс айлары: желтоқсан, қаңтар мен ақпан. Желтоқсанда алпыс күн, қаңтарда жетпіс күн, ал ақпанда сексен күн бар. Бұл қалада қыркүйек айы болған жоқ, қазан айы да болған жоқ, қараша айы да болған жоқ.



Аққаланың аққалалары сатушы, жүргізуші, мұғалім, банк қызметкерлері, ғалым, дәрігер болып жұмыс істейді. Олардың балалары — кішкентай аққалалар сүп-сүйкімді және күлкілі. Олар мұз мектебінде оқиды. Әрине, олар әр түрлі тілдер

¹ Жаз — лето.

оқиды, әр түрлі тілдер біледі. Есеп сабағының мұғалімі — Аппақ апай, дене шынықтыру мұғалімі — Қарбай ағай. Сурет сабағының мұғалімі — Аяз ағай. Бірақ олардың ең сүйікті сабағы — қар сабағы. Аққалаларға қар сабағы ұнайды, себебі ол мектептің ауласында болады. Дүйсенбіде аққалалар шаңғы тебеді, сейсенбіде шапамен сырғанайды, сәрсенбіде олар коньки тебеді, бейсенбіде сырғанақта сырғанайды. Ал жұма күні таудан сноубордпен сырғанайды.




№ 3

Суреттерге қарап, жауап беріңіз.






73



- а) Аққалалар не жейді деп ойлайсыз?
- ә) Олардың кереуеттері, орындықтары, үстелдері неден деп ойлайсыз?
- б) Олардың бөлмелері суық па?

Мектеп — кеме, білім — теңіз

Қандай сөздермен танысасыз?



Не туралы сөйлейсіз?



Қандай ережелермен танысасыз?

90 91 92 93 94 95 96 97 98 99

қазақша
орысша

Сен кел — келші
Сіз келіңіз — келіңізші

наннан жедім
саяжайдан алдым
сабақтан береді

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)




ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



35-тапсырма.

• түйе, **дүйсенбі** [дүйсәмбі]: дүйсенбіде; дүйсенбі күні [дүйсәмбігүні]; дүйсенбіде емес [дүйсәмбідемес]. Дүйсенбіде неше сабақ болады? Дүйсенбі күні жаңбыр жауады.

• келеді, **сейсенбі** [сейсембі]: сейсенбі мен дүйсенбі; сейсенбі күні ме? Сейсенбіде дене шынықтыру бола ма? Сейсенбіде алтыншы сабақ — қазақ тілі.

• тығылмақ, **ағылшын тілі**: ағылшын тілі сабағы; ағылшын тілі сабағында жаздым. Бүгін бізде ағылшын тілі болады. Ағылшын тілі сабағы дүйсенбіде бола ма?

• отыз, **орыс тілі** [орүстілі]: орыс тілі немесе қазақ тілі; орыс тілі сабағында. Орыс тілі ертең болады. Орыс тілі дүйсенбі күні болады.

• көрсетші, **сөйлеу** [сөйләу]: мен сөйлеймін; біз сөйлейміз. Олар қазақ тілі сабағында қалай сөйлейді? Енді сен сөйлейсің.

• **аудару** [аудару]: сен аударасың; сіз аударасыз. Қазір ол аударады. Сендер қай сабақта аударасыздар?

• **ағылшынша**: ағылшынша сөйлейді; ағылшынша сөйлейміз. Біз ағылшын тілі сабағында, әрине, ағылшынша сөйлейміз.

• **орысша** [орүшша]: орысша емес; орысша сөйлейсің бе? Сендер қазақ тілі сабағында орысша сөйлейсіңдер ме? Біз орысша жазамыз.

• **қазақша**: қазақша ма?; қазақшаға аударамын. Мен қазақша да, ағылшынша да жақсы сөйлеймін. Сен қазақша жазасың ба?

№ 3

Мақал-мәтелді аударыңыз, жаттаңыз.

**Мектеп — кеме,
Білім — теңіз.**



№ 4

Әнді аударыңыз, ән айтыңыз.



36-тапсырма.

Бүгін қай күн?

-1-

Бүгін қай күн?
Дүйсенбі.
Ертең қай күн?
Сейсенбі.



Оят онда Дүйсенді,
Оят онда Сейсенді,
Сабағынан қалмасын.

(нотасы 117-бетте)

№ 5

Есте сақтаңыз. 

қазақша
орысша

меніңше
Дәуренше

(126-бетте)

№ 6

Толтырыңыз.

Сенің *ше*, оның....., сіздің....., ағылшын....., біздің....., олардың....., орыс... , Қыз Жібек....., Мақта қыз....., Тазша.....

№ 7

- а) 2-сыныпта оқып кеткен сабақ аттарын еске түсіріңіз.
ә) Ол сабақтарда қандай жұмыс істейтініңіз туралы айтып беріңіз.

№ 8

Қате табыңыз (әр сөйлемде бір қате).

Гауһардың туған күнінде біз қазақше сөйледік. Сейсенбі күні ағылшанша мультфильм болады. Оріс тілі кітабын анда қой. «Менің қазақ тилім» сенікі ме? Біз мектепте дүйсенбіда қазақша сөйлейміз, сейсенбіде ағылшынша сөйлейміз.

№ 9

Өңгімелеңіз.

«Мектеп – кеме, білім – теңіз»

77

Бүгін және ертең біздің мектепте «Мектеп — кеме, білім — теңіз» мерекесі¹ болады. Бүгін дүйсенбі, біз кіші үзілістерде де, үлкен үзілістерде де қазақша сөйлейміз. Сонда біз: «Сәлем! Хал қалай? Ауа райы қандай?», — деп сөйлейміз. Спортзалда қазақша жарыс болады. Олар: асық, «Бес тас», «Айгөлек» ойындары. Сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші сынып оқушылары қазақша күреске қатысады².

Сейсенбі күні біз ағылшынша сөйлейміз, аударамыз. Ағылшын тілі мұғалімі қызықты ойын өткізеді³. Ойынның аты — «Білгіштер»⁴. Онда біз асфальтта түрлі-түсті борлармен сурет саламыз. Мысалы⁵, мұғалім былай сөйлейді: «Ағаш салыңдар». Әрине, ол қазақша емес, ағылшынша сөйлейді. Біз ағаш саламыз. Мұғалім: «Адам салыңдар», — дейді, біз адам саламыз. Мен де, сыныптастарым да сурет салуды жақсы көреміз.

Содан кейін қазақ тілі мұғалімі Астана қаласы туралы сұрайды, біз қазақша айтып береміз⁶. Ағылшын тілі мұғалімі: «Аударыңдар», — дейді. Біз ағылшынға аударамыз.

Меніңше, бұл мереке өте көңілді, қызықты болады!

¹ Мереке — праздник.

² Қатысу — участвовать.

³ Өткізеді — проведет.

⁴ Білгіштер — знатоки.

⁵ Мысалы — например.

⁶ Айтып береміз — скажем.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)



ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



37-тапсырма.

- тәтесі, *сәрсенбі* [сәрсембі]: сәрсенбі күні [сәрсембігүні]; сәрсенбіде жауады. Сәрсенбі күні неше сабақ болады? Сәрсенбіде ауа райы жақсы болады.
- сейсенбі, *бейсенбі* [бейсембі]: бейсенбіде ме? Бейсенбіде алты сабақ болады. Мен бейсенбіде саяжайға барамын.
- көрсетші, *ән, ән айту* [әнайтуу]: әдемі әндер; ән айтамын. Балалар, қазақша ән кім айтады? Қазақ тілі сабағында біз қазақша ән айтамыз.
- жақсы көремін, *өлең* [өлөң]: қызықты өлең; өлең айтасың. Сен неше өлең білесің? Бұл өлең кімдікі?
- қалпақ, *тақпақ*: тақпақ айтады; тақпақ әлде өлең. Сен қандай тақпақ оқисың?
- ана, *ана тілі*: ана тілі сабағында емес; ана тілін оқимыз. Біз ана тілі сабағында өлең оқимыз.
- ит, *кәнеки* [кәнекій]: кәнеки, кел; кәнеки, итер. Кәнеки, асықты лақтыр.

78

№ 3



38-тапсырма.

а) Аударыңыз. Көшіріңіз.



ИНАБАТТЫЛЫҚ

Қадамыңа нұр
жаусын!

- ә) Екі балаға айтыңыз.
б) Үлкен кісіге айтыңыз.
в) Екі кісіге айтыңыз.

№ 4

Әнді аударыңыз, ән айтыңыз.



39-тапсырма.

Бүгін қай күн?
Сәрсенбі.
Ертең қай күн?
Бейсенбі.

Бүгін қай күн?

-2 -



Оят онда Сәрсенді,
Оят онда Бейсенді,
Сабағынан қалмасын.

(нотасы 117-бетте)

№ 5

Есте сақтаңыз.



Сен кел келші
Сіз келіңіз келіңізші

(126-бетте)

№ 6

Толтырыңыз.

- а) Сен қойшы, сіз қой....шы, сен ал....., сіз ал.....шы, сен әпер..., сіз әперіңіз..., сен ұр..., сіз ұрыңыз..., сен оқы..., сіз оқыңыз..., сен ән айт..., сіз ән айт....шы.
- ә) Сен тақпақ айтшы, сурет салшы,қазақшаға аударыңызшы, ағылшынша сөйлеші, жүгірші, жазыңызшы, жеші.

№ 7

а) Ауыстырыңыз.

Біздің сыныпта **дүйсенбіде** ағылшын тілі болады.
ЗБ сыныбында **сейсенбі** күні қазақ тілі болады.
Сендерде **сәрсенбі** күні ана тілі болмайды.
ЗА сыныбында **бейсенбі** күні ән сабағы бола ма?

ә) Енді сабақ аттарын ауыстырыңыз.

б) Әр сөйлемге сабақтағы оқу әрекеті туралы 1–2 сөйлем қосыңыз. Мысалы: «Біз ағылшын тілі сабағында ағылшынша өлең, ән айтамыз».

№ 8

Сұхбаттасыңыз.

- Әлия: Сен қай сабақты жақсы көресің?
Меруерт: Мен ана тілі сабағын жақсы көремін.
Мен тақпақ, өлең айтамын.
- Әлия: Кәнеки, айтшы.
Меруерт: Астана – бас қала,
Астана – жас қала.
Қазақстаным – Отаным,
Отанымды сүйемін.
- Әлия, сен қандай сабақ жақсы көресің?
Әлия: Мен ән сабағын жақсы көремін. Мен қазақша да, ағылшынша да, орысша да көп ән, өлең білемін.
- Меруерт: Кәнеки, ағылшынша айтшы.
Әлия: Жоқ, мен саған қазақша да, ағылшынша да, орысша да бір тақпақ айтып берейін¹:
Ағылшын тілінде: Mother, I love you!
Орыс тілінде: Мама, я тебя люблю!
Ал, қазақша айтсақ: Ананы сүйю!



¹ Айтып берейін – скажу.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)




ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



40-тапсырма.

• тұрады, **жұма**: жұма күні [жұмагүну]; жұмада жұмыс істейді. Жұмада жаңбыр жауады. Жұмада емес, бейсенбіде қазақ тілі сабағы болады.

• бейсенбі, **сенбі** [сембі]: сенбі туралы; жұмада әлде сенбіде. Сенбіде төрт сабақ болады. Сенбі күні ата-анаң жұмыс істей ме?

• сүт, тиді, **дүниетану** [дүнийетану]: дүниетану сабағында; дүниетануда. Дүниетану кабинетінде жануарлар өмір сүреді. Мен дүниетану сабағын жақсы көремін.

• бұл, **құс**: құстар; құс пен жануарлар. Құстар не жейді? Құстар, әрине, дән жейді.

• өмір, **өсімдік** [өсүмдік]: өсімдіктің аты; өсімдікті жақсы көреді. Ол өсімдік үстелде тұр. Өсімдік туралы оқимын.

• кара, **қарау**: өсімдікке қараймын; жануарларға қарайсың. Дүниетану сабағында жануарлар мен өсімдіктерге қараймын.

• ұл, **ұнату** [ұнату]: мен ұнатамын; мен ұнатпаймын. Сен қай сабақты ұнатасың? Мен дүниетану сабағын ұнатамын, себебі мен жануарларды жақсы көремін, оларға қараймын.

№ 3

Толтырыңыз.

Ұнату

+

Мен ұнатамын
Сен ұнат...
Сіз ұнат...
Ол ұнат...

+

Біз ұнатамыз
Сендер ұнат...
Сіздер ұнат...
Олар ұнат...

-

Мен ұнатпаймын
Сен ұнат...
Сіз ұнат...
Ол ұнат...

-

Біз ұнатпаймыз
Сендер ұнат...
Сіздер ұнат...
Олар ұнат...

?

Мен ұнатамын ба?
Сен ұнат...?
Сіз ұнат...?
Ол ұнат...?

?

Біз ұнатамыз ба?
Сендер ұнат...?
Сіздер ұнат...?
Олар ұнат...?

№ 4 Толтырыңыз.

Мен оқимын, айтасыз. ауырады, жүгіресің, қарайды, білеміз, тұрасыңдар, ішеді, жеймін, сөйлейсіздер, келеді.

№ 5 Өнді аударыңыз, ән айтыңыз.



41-тапсырма.

Бүгін қай күн?

- 3 -



Бүгін қай күн?
Жұма ғой.
Ертең қай күн?
Сенбі ғой.



Тұрсын онда Жұмажан,
Оят онда Сенбіні,
Сабағынан қалмасын.

(нотасы 117-бетте)

№ 6 Сөйлем құрастырыңыз.



№ 7 Толтырыңыз. Сұхбаттасыңыз.

Баласы: Бүгін қай күн?
Анасы: Бүгін сенбі.
Баласы: Алақай! Бүгін менің сүйікті сабағым болады.
Бүгін дүниетану болады.
Анасы: Сен дүниетануды не үшін¹ ұнатасың?
Баласы: Мен жануарларға қараймын,
өсімдіктерге қараймын, құстарға қараймын.
Анасы: Мектепте қандай жануарлар бар?
Баласы: ...
Анасы: Ол не жейді, не ішеді?
Баласы: ...
Анасы: Ол жануар туралы сен тағы² не білесің?
Баласы: ...
Анасы: Жарайсың! Қадамыңа нұр жаусын!



¹ Не үшін — за что.

² Тағы — еще.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)

90

ә)



б)



№ 2

Оқыңыз.



42-тапсырма.

- ертең, **еңбек**: еңбек сабағында; еңбек сабағын ұнатамын. Бізде бүгін екі еңбек сабағы болады.
- ойнау, **жасау**: ойыншық жасайды; орындық жасаймыз. Біз еңбек сабағында үстел, орындықтар жасаймыз.
- тіл, **тігу** [тігуу]: көйлек тігемін; шалбар тігесің бе? Мен еңбек сабағында көйлек тігемін. Сендер еңбек сабағында не тігесіңдер?
- орыс, **СОСЫН** [сосун]: сосын аударамыз; сосын жел соғады. Мен қазір сабақ оқимын, сосын ойнаймын.
- **ал**: ал, кел; ал, лақтыр. Мен ондамын, ал менің інім алтыда. Шыңғыстың тәтесі троллейбус жүргізушісі болып істейді, ал Сұлтанның тәтесі трамвай жүргізушісі болып істейді.
- тоғыз, **ТОҚСАН**: тоқсаныншы; тоқсан алтыда. Атасы тоқсанда ма? Мен тоқсан жетінші мектепте оқимын.

82

№ 3

Мақал-мәтелді аударыңыз, жаттаңыз.

Еңбек етсең ерінбей,
тояды қарның тіленбей.



№ 4

Санаңыз.



№ 5

Жауап беріңіз.



Саша

орыс тілі
дүниетану
математика
ағылшын тілі
еңбек
еңбек

қазақ тілі
ана тілі
есеп
ән
дене шынықтыру
сурет



Жұмахан

Бүгін нешесі?

Бүгін қай күн?

Сашаның неше сабағы болады?


Жұмаханның неше сабағы болады?

Бүгін Сашада қандай сабақ болмайды?

Ал Жұмаханда қандай сабақ болмайды?

№ 6

Толтырыңыз. Сұхбаттасыңыз.



Еңбек сабағы

Бүгін сенбі. Бізде сабақ көп емес, аз. Бізде тек қана төрт сабақ болады. Олар: ана тілі, дүниетану, екі еңбек сабағы. Әрине, мен барлық сабақтарды ұнатамын, бірақ еңбек сабағын өте жақсы көремін. Менің досым Айдос та еңбек сабағын асыға күтеді¹.

Еңбек сабағында біз орындық жасаймыз, үстел жасаймыз. Әрине, бізге мұғалім көмектеседі, ал орындық жасауға көмектеспейді.

Біздің сыныптың қыздары көйлек тігеді, қалпақ тігеді, шалбар тігеді. Олар өте пысық².

№ 7

Дұрыс па?

Оның досының аты – Айдос. Оларда ертең тек қана төрт сабақ болады. Орыс тілі мен математика болмайды. Ұлдар кереует жасайды, ал қыздар орындық жасайды. Бірақ қыздар көйлектер де тігеді.

¹ Асыға күтеді – с нетерпением ждет.

² Пысық – трудолюбивые.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



43-тапсырма.

• сейсенбі, **жексенбі**: жексенбіде демаламыз; жексенбіде оқымаймын. Қазақстанның оқушылары жексенбіде оқымайды, олар демалады. Сен жексенбіде қайда демаласың?

• сабақ, елу, **сабақтан беру** [сабақтамберуу]: сабақтан береді; қай сабақтан береді? Математикадан кім береді? Еңбек сабағынан Мұрат ағай бере ме?

• үйрек, **үйрену** [үйрөнүү]: мен үйрендім; не үйрендің?; кімнен үйрендіңдер? Біз көйлек тігуді үйрендік. Мен қазақша сөйлеуді үйрендім. Мен ағылшынша ән айтуды үйрендім.

• кіммен, **кімнен**: кімнен алдың?; кімнен үйрендің? Сен асық ойнауды кімнен үйрендің? Сен мына ойыншық сарбазды кімнен алдың?

• сабағы, **тағы**: тағы не үйрендің?; тағы жаңбыр жауады. Сен қазақ тілі сабағында тағы не үйрендің? Тағы менің әпкем бар.

• ойнайсың, **жарайсың**: Сен жарайсың! Сендер жарайсыңдар! Тамаша, жарайсың! Сен жасадың ба? Жарайсың!


№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Салақ бала

Оқы, оқы тағы,
Қайда оның сабағы?
Ізде, ізде тағы,
Қайда оның садағы?
Тығылды ғой сабағы,
Тығылды ғой садағы.
Тығылады сенен-ақ
Тығылмайтын сабағың,
Тығылмайтын садағың.
Не деген сен салақсың!

Г. Досмамбетова



№ 4

Есте сақтаңыз.



нан **нан** жедім
саяжай **дан** алдым
сабақ **тан** береді

кім **нен** үйрендің?
дәптер **ден** жаздым
Қыз Жібек **тен** келдім

(120-бетте)

№ 5

Толтырыңыз.

Ол математика *дан* береді. Мұғалім дене шынықтыру.... береді. Мұрат Асылұлы қай сабақ..... береді? Ол орыс тілі..... бере ме? Сен ән айтуды кім..... үйрендің? Мен тігуді еңбек мұғалімі..... үйрендім.

№ 6

Ән айтыңыз.



44-тапсырма.

Бүгін қай күн?

- 4 -

Бүгін қай күн?
Жексенбі.
Демалыс та тез
келді!



Оят онда Жексенді,
Дүйсен, Сейсен,
Сәрсендер,
Асыр салып ойнасын.

(нотасы 117-бетте)

№ 7

Толтырыңыз. Сұхбаттасыңыз.

Атасы: Айналайын, ботам, қазір қандай сабақ оқисың?
Немересі: Мен қазақ тілін оқимын.
Атасы: Сен қазақша білесің бе?
Немересі: Иә, әрине, білемін.
Атасы: Кәнеки, сөйлеші.
Немересі: Ата, мен сені өте жақсы көремін.
Атасы: Жарайсың! Сенің Отаның – Қазақстан. Отаныңды сүйеді екенсің¹. Саған қазақ тілінен кім береді? Аты-жөні кім?
Немересі: Қазақ тілінен Мәдина Нұрланқызы береді.
Атасы: Мұғалімің жақсы екен. Ал, еңбек сабағынан не үйрендің?
Немересі: Мен орындық жасауды үйрендім. Тағы мен үстел жасаймын.
Атасы: Керемет, балам! Ал орыс тілінен не үйрендің?
Немересі: Мен өзім² өлең жазамын.
Атасы: Қадамыңа нұр жаусын, балам!
Немересі: Айтқаныңыз келсін, ата!




¹ Екенсің – ты, оказывается.

² Өзім – я сам.

№ 1

Еске түсіріңіз.



№ 2

Жазыңыз.



[дүйсөмбігүніжаңбыржауады] —

[бізорұшшасөйлөйміз] —

[менөләңайтамын] —

[олөсүмдіктергеғарайды] —

№ 3

Дұрыс па?

86



Бұл сабақта біз әдетте жүгіреміз, секіреміз. Тағы біз жануарларға қараймыз.



Бұл сабақта біз әдетте ән айтамыз, билейміз. Тағы біз шаңғы тебеміз.



Бұл сабақта біз әдетте өсімдіктерге, жануарларға қараймыз. Тағы біз олар туралы оқимыз.

№ 4



45-тапсырмадағы сұхбатты тыңдаңыз, сұраққа жауап беріңіз.

№ 5

Өзіңізді тексеріңіз.

Сынақ

1. Қазақ тілі сабағында не үйрендіңіз?
а) Сурет салуды үйрендім.
ә) Қазақша өлең үйрендім.
б) Шаңғы тебуді үйрендім.
2. Орыс тілі сабағында не үйрендіңіз?
а) Шырша безендіруді үйрендім.
ә) Ағылшынша сөйлеймін.
б) Орысша тақпақ үйрендім.
3. Дүниетану сабағында не істейсіз?
а) Өсімдіктер туралы оқимын.
ә) Тақпақ туралы оқимын.
б) Секіремін, жүгіремін.
4. 94 – ...
а) тоқсан төрт.
ә) сексен төрт.
б) жетпіс төрт.
5. Ағылшын – ...
а) ағылшынше.
ә) аңғылшынша.
б) ағылшынша.
6. Қадамыңа ... жаусын!
а) Қар.
ә) Нұр.
б) Жаңбыр.
7. Бүгін қай күн?
а) Дүйсенбі.
ә) Ертең.
б) Қашан.



№ 6

Ойнайық!

Қандай сөз?

і б н е с й ү д

і б н е с й е б

і б н е с к е ж

а м ұ ж

і б н е с й е с

і б н е с

і б н е с р ә с

№ 1

Аударыңыз, тіркесін табыңыз.

мейіз, қатық, жапырақ, сағыз, жұмыртқа, тауық

№ 2

Әңгімелеңіз.

Мақта қыз бен мысық



Мақта қыздың мысығы болады. Мысық тентек болады.

Бір күні Мақта қыз мейіз тауып алады¹. Мақта қыз:

— Мысық, мысық, кел. Мен саған мейіз беремін, — деп шақырады².

Мысық келмейді. Онда Мақта қыз мейізді өзі³ жейді. Сосын мысық келеді де:

— Неге шақырдың, Мақта қыз? — дейді.

Мақта қыз үндемейді⁴. Мысық:

— Айтшы, Мақта қыз, — дейді мысық.

Мақта қыз үндемейді. Онда мысық:

— Онда қатығыңды итеремін, — дейді де, қатықты төгеді⁵.

— Онда мен құйрығыңды кесіп аламын⁶, — дейді Мақта қыз.

Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады.

Мысық:

— Апа, апа, құйрығымды берші, — деп жылайды.

— Менің қатығымды бер, сонда⁷ құйрығыңды беремін, — деп жауап береді Мақта қыз.

Мысық сиырға барады.

— Сиыр, сиыр, маған қатық берші, — дейді мысық.

— Сен маған жапырақ берсең, мен саған қатық беремін, — деп жауап береді сиыр.



¹ Тауып алады — найдет.

² Шақырады — позовет.

³ Өзі — сама.

⁴ Үндемейді — молчит.

⁵ Төгеді — разольет.

⁶ Кесіп аламын — отрежу.

⁷ Сонда, онда — тогда.

Мысық ағашқа барады.

– Ағаш, ағаш, маған жапырақ берші.

– Сен маған су берсең, мен саған жапырақ та беремін, – дейді ағаш.

Екі қыз келе жатыр екен¹.

– Қыздар, қыздар, маған су беріңдерші, – деп сұрайды мысық.

– Сен бізге сағыз берсең, біз саған су береміз, – деп жауап береді екі қыз.

Мысық дүкенге барады.

– Сатушы, сатушы, маған сағыз берші.

– Сен маған жұмыртқа берсең, мен саған сағыз беремін, – дейді сатушы.

Мысық тауыққа барады.

– Тауық, тауық, маған жұмыртқа берші.

– Маған дән бер, сонда мен саған жұмыртқа беремін, – деп жауап береді

тауық.

Мысық тышқанды көреді². Тышқанды ұстап алады³.

– Тышқан, тышқан, сенің үйіңде не бар?

– Менің үйімде дән бар.

– Маған дән әпер, – дейді мысық.

Тышқан мысыққа дән әпереді.

Ол дәнді мысық тауыққа береді. Тауықтан мысық жұмыртқа алады.

Жұмыртқаны сатушыға береді. Сатушыдан сағыз алады.


Сағызды қыздарға береді. Қыздардан су алады.

Суды сиырға береді. Сиырдан қатық алады.

Қатықты Мақта қызға береді. Мақта қыздан мысық құйрығын алады.

№ 3

Суреттерге қарап әңгімелеңіз.






¹ Келе жатыр екен – идут.

² Көреді – увидит.


³ Ұстап алады – поймает.

Құтты болсын мерекең!

Қандай сөздермен танысасыз?




Не туралы сөйлейсіз?



№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



46-тапсырма.

• болу, **зор**: зор денсаулық. Мен сізге зор денсаулық тілеймін. Біз саған зор денсаулық тілейміз.

• сосын, **мол**: мол бақыт; мол емес. Саған зор денсаулық, мол бақыт тілеймін. Олар мол бақыт тіледі.

• демалыс, **табыс**: үлкен табыс; мол табыс тілеймін. Айжанға зор денсаулық, мол бақыт, үлкен табыс тілеймін. Достар оған мол табыс тіледі.

• Алуа, **қуаныш** [құуаныш]: мол қуаныш; қуаныш тілейсің. Саған зор денсаулық, мол бақыт пен қуаныш тілеймін. Менің досымның аты – Қуаныш.

• гүл, тоғыз, **гүл шоғы** [гүлшоғұ]: гүл шоғын жинадым; гүл шоғын сыйлаймын; гүл шоғын сыйлайды. Мен апама гүл шоғын сыйлаймын. Біз мұғалімге гүл шоғын сыйладық.

• тау, **арнау**: сен арнайсың; кімге арнайсың? Мен әжеме ән арнаймын. Сен тақпақты кімге арнайсың? Тәтеме де, анама да көп өлең арнаймын.

• ойын, **айналайын**: айналайын апа; айналайын Шолпан. Айналайын әже, сізді мерекенізбен құттықтаймын. Айналайын қарындасым, туған күніңмен!

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Құттықтау

Қуанышы баланың —
 Қуанышы ананың.
 Қуанышы ананың —
 Қуанышы баланың.

Бізді өсірген, апатай,
 Еңбегің де зор екен.
 Құтты болсын, апатай,
 Құтты болсын мерекең!



Қадыр Мырза Әли

№ 4

Есте сақтаңыз!



анашым, көкешім,
апатай, ағатай, әкетай,
апажан, жан ата, жан әке,
ақ әже, ақ мама

(122-бетте)

Соңғы 3 жолдағы сөздерге тәуелдік жалғауды қосыңыз. Үлгі: Апатайым.

№ 5

Айырыңыз.

Үлгі: Мен сені жаңа жылмен құттықтаймын. — Мен сені Жаңа жылмен құттықтаймын.

Саған мол бақыт тілеймін!

Сізге әнарнадым

Саяжайға атаммен бірге бардым

№ 6

а) Сөйлем құрастырыңыз.

Мен Сен Ол Біз Сендер Олар	әжем анам апам... мұғалімім... тәтем... қарындасым...		арнай...
		тақпақ, өлең	

93

ә) Осы сөйлемдердегі әжем, анам, ... сөздерін аялау түріне ауыстырыңыз.

№ 7

Сұхбаттасыңыз.

Мұғалім: Балалар, ертең қандай мереке болады?

Жақсылық: Ертең аналар мерекесі ғой.

Мұғалім: Кімді құттықтайсыңдар?

Шолпан: Мен анамды құттықтаймын.

Мұғалім: Әжеңді құттықтамайсың ба?

Шолпан: Әжем ауылда тұрады. Оған ашық хат жібердім¹.

Мұғалім: Аналарыңды қалай құттықтайсыңдар?

Жақсылық: Мен гүл шоғын сыйлаймын.

Бауыржан: Мен сурет сыйлаймын.

Асқар: Мен апама ән арнаймын.

Мұғалім: Жарайсыңдар! Әпке-қарындастарыңды да ұмытпаңдар².



¹ Жібердім — отправил, отправила.

² Ұмытпаңдар — не забываете.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)



ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



47-тапсырма.

• аула, **Наурыз**: Наурызда; Наурызбен. Мен сені Наурызбен құттықтаймын. Наурыз құтты болсын!

• мейірімді, **мейрам**: үлкен мейрам; Наурыз мейрамы; қандай мейрам? Ертең Наурыз мейрамы болады. Наурыз мейрамына барасыз ба? Жаңа жыл — қыс мейрамы.

• тау, көке, **наурыз көже** [наурызгөже]: дәмді наурыз көже; наурыз көже ішеміз. Үлкендер де, балалар да наурыз көже ішеді. Аналар Наурыз мейрамында наурыз көже береді.

• бала, **бата**: бата берді; наурыз бата. Ата бізге бата берді. Наурыз мейрамында ата-әжелер наурыз бата береді.

• қызыл, **Қызыр баба**: Қызыр баба келді; Қызыр баба сыйлады. Наурыз мейрамында Қызыр баба бата береді. Қызыр бабаның батасын алдық.

• ұл, **Ұлы** [ұлұ]: ұлы мейрам; ұлы адам. Абай — ұлы адам. Наурыз мейрамы — ұлы мейрам.

• ұрды, **Ұлыс** [ұлұс]: Ұлыс күні; Ұлыстың ұлы мейрамы. 22 наурыз — Ұлыстың ұлы күні. Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамы құтты болсын!

• ойлау, **тойлау**: мерекені тойлайды; қашан тойлайды? Ұлыстың ұлы мейрамы — Наурыз мейрамын қашан тойлаймыз? Жаңа жылды кіммен бірге тойладыңыз?

№ 3

Өнді аударыңыз, ән айтыңыз.




48-тапсырма.



Наурыз — біздің Жаңа жыл

Наурыз келді, балалар,
Көктеді қыр, жырғалар.
Наурыз тойын тойлайық,
Жаңа жылда, ағалар.



(нотасы 118-бетте)

№ 4

а) Наурыз батаны аударыңыз, жаттаңыз.



Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын!
Ұлыс береке берсін!

Ұлыс бақты болсын!
Ұлы халқым тоқ болсын!
Көйлектерің көк болсын!

ә) Төмендегі сөздерді пайдаланып, өз наурыз батаңызды жазыңыз.

сүт, бақыт, қуаныш, гүл шоғы, ән, нан, ұзақ, өмір

№ 5

Жауап беріңіз.



а) Бұл мейрамдардың айырмашылығы неде?

ә) Сыныптасыңызды әр мейраммен құттықтаңыз.

№ 6



Сәлем, Дима!

Наурыз – Ұлыстың Ұлы мейрамы

Халің қалай? Денсаулығың жақсы ма? Ата-анаңның денсаулығы қалай? Сендерде ауа райы қандай? Суық па?

Менің халім жақсы. Мектептегі сабақтарым да жақсы. Мен кеше есеп, қазақ тілі мен дене шынықтырудан бес алдым. Мен дене шынықтыру сабағын жақсы көремін.

Біздің ауылда ауа райы тамаша! Күн жылы, суық емес. Бүгін біз ауылда Наурыз мейрамын тойладық. Ол мейрамда біз қойылым қойдық¹. Мен Қызыр баба болдым, сыныптас қызым Меруерт Қарашаш болды. Жанаттың атасы бата берді.


Сосын біз наурыз көже іштік, бауырсақ жедік. Біз көп ойнадық. Мен «Ханталапай» ойнадым, Жанат «Бес тас» ойнады.

Біз барлық² адамдарды Наурыз мейрамымен құттықтадық.

Сенің қалаңда Наурыз мейрамы болды ма?

Маған хат жазып тұр³.

Асқар Серікұлы



№ 7

Диманың атынан Асқарға хат жазыңыз.

¹ Қойылым қойдық – спектакль поставили.

² Барлық – всех.

³ Хат жазып тұр – пиши письмо.

№ 1

Аударыңыз, тіркесін табыңыз.

түн, теңеледі, қыдыру, «Үкі»

№ 2

Әңгімелеңіз.

-1-

21 наурыз. Мектеп.

- Сәуле апай:* Балалар, ертең қандай мейрам?
Юля: Ертең Наурыз мейрамы.
Олег: Наурыз – Ұлыстың Ұлы күні.
Сәуле апай: Жарайсыңдар. Наурыз мейрамы туралы не білесіңдер?
Әсел: 22 наурызда күн мен түн теңеледі.
Владик: Суық пен жылы теңеледі.
Сәуле апай: Наурыз сөзін қалай аударамыз?
Юля: «Нау» деген жаңа, «рыз» деген жыл.



- Саша:* Мен Наурыз туралы тақпақ білемін.
Сәуле апай: Айта қойшы¹.
Саша: Наурыз, Наурыз мейрамы,
Құтты болсын мейрамым!
Наурыз көже ішеміз,
Алтыбақан тебеміз!
Сәуле апай: Наурыз мейрамында адамдар ауылдарға қыдырады.
Владик: Біз ауылдарға барамыз ба?
Сәуле апай: Иә, ертең Қыз Жібектің ауылына, Алпамыстың ауылына барамыз.

-2-

22 наурыз. Қыз Жібектің ауылы

- Әсел:* Сәлеметсің бе, Қыз Жібек?
Қыз Жібек: Сәлеметсіңдер ме, балалар?
Егор: Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Қыз Жібек: Бірге болсын! Кіріңдер², наурыз көже ішіңдер.
Юля: Қыз Жібек, наурыз көжені қалай жасадың?
Қыз Жібек: Наурыз көжеге жеті түрлі тағам салады. Бидай, тұз, құрт, айран, ет, су, май салады. Наурыз көжені тек қана Наурыз мейрамында ішеді. Сендер де, балалар, наурыз көжені қалдырмай ішіңдер. Ас дәмді болсын!

¹ Айта қойшы – скажи.

² Кіріңдер – заходите.

Саша: Рақмет! Наурыз көже қандай дәмді!

Олег: Наурыз көже маған ұнады.

Қыз Жібек: Наурыз көже күш¹ береді.
(Үйге әже кіреді.) Бұл — менің әжем.

Балалар: Сәлем бердік, әже!

Қыз Жібектің әжесі: Айналайындар, көп жасаңдар!

Қыз Жібек: Қазір менің әжем бата береді.

Қыз Жібектің әжесі: Ұлыс бақты болсын!
Күндер жақсы болсын!
Достық береке берсін!
Бес пен төрт көп болсын! Әумин!

Сәуле апай: Әжей, батаңызға рақмет. Сіз ренжімесеңіз²,
біз Алпамыстың ауылына барайық.

Балалар: Сау болыңыздар! Рақмет!



- 3 -

22 наурыз. Алпамыстың ауылы



Владик: Сәлем, Алпамыс!

Әсел: Алпамыс, сені Наурыз мейрамымен құттықтаймыз.

Алпамыс: Рақмет, бірге болсын! Қош келдіңдер!³
Наурыз көже ішіңдер.

Юля: Рақмет, біз Қыз Жібектің ауылында наурыз көже іштік.

Алпамыс: Онда ұлттық ойын ойнайық, аулаға жүріңдер. Мен сендерге «Үкі» ойынын үйретейін. Балалар шеңберге⁴ тұрады.

Бір бала «үкі» болады, себебі оның көзі байлаулы⁵ болады. «Үкіні» бір бала итереді. «Үкі» оны тауып алып қуады⁶, бірақ балалар шеңберден шықпайды.

Егор: Мынау қызық ойын.

Алпамыс: Онда, Егор, сен «үкі» бол. Балалар, шеңберге тұрыңдар.
(Владик Егорды итерді)

Егор: Маған Владик тиді.

Олег: Владик, қаш⁷! Владик, қаш!

Юля: Е-гор, ұс-та⁸! Е-гор, ұс-та!

Балалар: Е-гор! Е-гор!

Балалар: Вла-дик! Вла-дик!

¹ Күш — сила.

² Ренжімесеңіз — если вы не обидетесь.

³ Қош келдіңдер! — Добро пожаловать!

⁴ Шеңберге — в круг.

⁵ Көзі байлаулы — глаза завязаны.


⁶ Тауып алып қуады — найдет и будет догонять.

⁷ Қаш — убегай.

⁸ Ұста — держи.

Көктем — жердің тынысы

Қандай сөздермен танысасыз?



Не туралы сөйлейсіз?



Қандай ережелермен танысасыз?

100 200 300 400 500 600 700 800 900



№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.

а)




ә)



б)



в)



г)

100

№ 2

Оқыңыз.



49-тапсырма.

• мынау, қыз, **наурыз**: наурыз айында; наурыздың нешесінде? Менің туған күнім наурыздың бесінде болады. Наурызда ауа райы қандай болады?

• **сәуір**: сәуірдің жиырмасында; сәуірде емес. Сәуірде қар жаумайды. Біздің ауылда сәуірде әдемі болады.

• көке, **көкек** [көкөк]: көкек әлде сәуір; көкек айы. Көкек айы туралы не білесің? Көкек айында біз аулада ойнаймыз.

• бақыт, **мамыр**: мамырда жауады; салқын мамыр. Мамырда біз саяжайға барамыз ба? Мамыр айында қандай мерекелер бар?


• көк, **көктем** [көктөм]: көктем айлары; көктем ауа райы. Көктемде жаңбыр жауады. Көктем айлары: наурыз, сәуір мен мамыр.

• күз, **жүз**: жүзінші; екі жүз; төрт жүз; алты жүз алпыс. Мен жүз жиырмасыншы үйде тұрамын. Ол жүз тақпақ біледі. Онда жүз ағаш өсе ме?

№ 3

Жаңылтпашты аударыңыз, жаттаңыз.

Көп көкек көкектеп,
Көктем келді.
Көкек кеп,
Көктеп көк,
Көктем келді.



№ 4

Дұрыс па?

Күз айлары: қыркүйек, желтоқсан мен қараша.

Қыс айлары: қазан, қаңтар мен наурыз.

Көктем айлары: ақпан, сәуір мен мамыр.

№ 5

Санаңыз.

а) Толтырыңыз.

200 — екі жүз

260 — екі жүз ...

210 — екі жүз он

270 — екі жүз ...

220 — екі жүз жиырма

280 — екі жүз ...

230 — екі жүз ...

290 — екі жүз ...

240 — екі жүз ...

300 — ... жүз.

250 — екі жүз ...

ә) Бір минуттай қараңыз, сосын кітапты жауып қайталаңыз.

450



720



110



690



№ 6

а) Аударыңыз. Көшіріңіз.



50-тапсырма.

Ондай болма!¹
Таяқ жейсің.



Көшіріңіз!

ә) Екі балаға қалай айтатыныңызды жазыңыз.

б) Бәрін жаттаңыз.

ИНАБАТТЫЛЫҚ

№ 7

а) Толтырыңыз.



24 наурыз



2 сәуір



15 мамыр

Менің әкемнің туған күні – 24 наурыз.

...

...

ә) Көктемде туған күні бар сыныптастарыңыз туралы айтыңыз.

б) Енді оларды туған күндерімен құттықтаңыз.

№ 8

Сұхбатты жалғастырыңыз (тәтесі мен атасының туған күндері туралы).

Бірінші бала: Саған көктемнің қай айы ұнайды?

Екінші бала: Маған сәуір айы ұнайды.

Бірінші бала: Неге?

Екінші бала: Себебі сәуірде менің туған күнім, тәтемнің туған күні және де атамның туған күні.

Бірінші бала: Сенің туған күнің қашан?


Екінші бала: Менің туған күнім 25 сәуірде.

¹ Ондай болма! — Не будь таким!


№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)




ә)



б)



в)



№ 2

Оқыңыз.



51-тапсырма.

• жылы, **ЖЫЛУ**: күн жылиды [жылайды]; күн жыли ма? Көктемде күн жылиды. Кеше күн жылиды.

• елу, **ЕРУ** [йеруу]: қар ериді [йериді]; нелер ериді? Қар қашан ериді? Саябақта қар ериді ме? Наурызда әлде көкекте қар ериді.

• соғу, **ШЫҒУ** [шығуу]: көк шығады¹; шөп шықты. Күзде көк шыға ма? Әрине, көктемде көк шығады. Наурыз айында көк шығады деп ойлаймын.

• гүл, **ГҮЛДЕУ** [гүлдәу]: гүл гүлдеген жоқ; қандай гүл гүлдейді?; аппақ гүл гүлдеді. Көктемде қандай гүлдер гүлдейді? Мынау гүл ертең гүлдейді деп ойлаймын.

• шеше, **БӘЙШЕШЕК**: бәйшешек гүлдейді; бәйшешектер. Бәйшешектер көктем айларында гүлдейді. Маған бәйшешек ұнайды.

• қызыл, тығылмақ, **ҚЫЗҒАЛДАҚ**: әр түрлі қызғалдақ; қып-қызыл қызғалдақтар. Біздің саябақта қызғалдақтар өседі. Мен апам қызғалдақтар сыйлады.

• сары, сырғанақ, **САРҒАЛДАҚ**: сап-сары сарғалдақ; сарғалдақтың түсі. Далада сарғалдақ пен қызғалдақтар өседі. Сарғалдақтар көктемде гүлдейді.

• ойыншық, **СОНДЫҚТАН** [сондықтан]: сондықтан ән айтады; сондықтан сырғанады. Аспанда бұлт бар, сондықтан жаңбыр жауады. Көктемде күн жылиды, сондықтан әр түрлі гүлдер гүлдейді.

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Көктем

Көк те, жер де көкпеңбек,
Салды бұлттар көкке өрнек.
Аспан жерге көк, жасыл
Бояу нұрын төккен бе?

А. Шаяхметов



¹ Көк шығады — позеленеет.

№ 4

Толтырыңыз.

Жақсы	—	жаман	жабайы жануар	—	...
ақ	—	қара	тәтті	—	...
ызақор	—	...	аппақ	—	...
жылы	—	...	қатты	—	...

№ 5

Табыңыз.

+	?
күн жылиды	...
...	қар ерімейді
...	көк шықпайды
...	...
бәйшешек гүлдейді	...
...	сарғалдақ өспейді
...	қызғалдақтар гүлдемейді
күн жыли ма?	қар ери ме?
...	...
шаңғы тебесің бе?	...
...	...

№ 6

а) Сұрақ қойыңыз.

Үлгі: *Он алтыншы мамырда менің туған күнім — Сенің туған күнің қашан?*

Сәуір айында көк шығады. Көктемде бәйшешек, қызғалдақ пен сарғалдақтар гүлдейді. Ақпанда жиырма сегіз әлде жиырма тоғыз күн болады. Наурыз айында күн жылиды. Қыркүйекте ауа райы салқын болады. Көктемде қар ериді.

ә) Енді осы сөйлемдерге сұраулық демеуліктерді (ма, ме, па, пе, ба, бе) қосыңыз.

Үлгі: *Он алтыншы мамырда менің туған күнім — Сенің туған күнің он алтыншы мамырда ма?*

№ 7

Сұхбаттасыңыз.

Қоян: Піл, хал қалай?

Піл: Рақмет, жақсы.

Қоян: Африкада көктем бола ма?


Піл: Көктем деген не? Мен білмеймін.

Қоян: Көктемде күн жылиды, қар ериді, көк шығады, бәйшешек, қызғалдақ пен сарғалдақтар гүлдейді.

Піл: Жоқ, бізде көктем болмайды, қар болмайды, бәйшешек те, қызғалдақ та, сарғалдақ та гүлдемейді. Мен көктем көргім келеді¹.

Қоян: Бізге кел.

Піл: Жарайды, келемін.



№ 8




52-тапсырмадағы диктордың бұйрығын орындаңыз.

¹ Көргім келеді — я хочу увидеть.


№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)



ә)



б)



в)



г)



ғ)



№ 2

Оқыңыз.



53-тапсырма.

• тау, қазақша, **бау-бақша**: бау-бақшамыз; бау-бақшада өседі. Біздің саяжайда бау-бақша бар. Бау-бақшада алма, алмұрт пен алхоры ағаштары өседі.

• дүниетану, **ШИЕ** [шіе]: шие ағашы; қышқыл шие. Көктемде шие ағашы гүлдейді. Мен шие жақсы көремін, себебі оның дәмі қышқыл.

• өмір, **өрік**: тәтті өрік; сап-сары өрік. Мынау бау-бақшада өрік өседі. Мен өрік жеймін.

• отыз, **ОТЫРҒЫЗУ** [отырғызу]: ағаш отырғызамын; гүл отырғыздым. Көктемде әдетте адамдар ағаш отырғызады. Ертең мен атаммен бірге бау-бақшада ағаш отырғызамын.

• сиыр, **ҚИЯР** [қыйар]: көк қияр; үлкен қияр. Біздің бау-бақшада қияр өседі. Қиярдың дәмі қандай?

• қызыл, қазақ, **ҚЫЗАНАҚ**: кішкентай қызанақ; жұмсақ қызанақ. Мен қызыл қызанақ жақсы көремін. Бізде қияр да, қызанақ та өседі.

• елу, **ЕГУ** [йегу]: не егесіз?; қияр екті. Біз көктемде қияр мен қызанақ ектік. Ал, біз еккен жоқпыз.

№ 3

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Көктем

Көктем — жердің тынысы,

Көктем — елдің ырысы.

Көктем — ғарыш сапары,


Көктем — бақыт тынысы.

М. Қуанышбеков



№ 4

а) Табыңыз.



- ә) «Көктемде мен бау-бақшада ...» деп сөйлемдер құрастырыңыз.
 б) Өткен шаққа ауыстырыңыз.

№ 5

а) Жаттаңыз.



9



20

6



Менің жанұям

Атым менің Абылай,
 Маған тоғыз толады-ай¹.
 Қарындасым Алтынай,
 Жасы² оның алтыда.
 Әпкем менің – Алма,
 Оған болса жиырма.
 Әкем менің Елемес,
 Оған қазір қырық бес.
 Атам менің Алпамыс
 Оған қазір жетпіс.
 Әжем атын білемін,
 Жасын ғана білмеймін!



45

60



105



65

Г. Досмамбетова

ә) Жауап беріңіз.

1. Ұл баланың аты-жөні кім?
2. Оның отбасы туралы не білдіңіз?
3. Әжесі нешеде деп ойлайсыз?

№ 6

Әңгімелеңіз.

Біздің саяжайымыз бар. Онда үлкен бау-бақша бар. Көктемде бау-бақшада біз: мен, әкем, ағам жұмыс істейміз. Кішкентай інім де көмектеседі.

Сәуір айында күн жылиды, қар ериді, сондықтан біз алма, шие, өрік ағаштарын отырғызамыз. Қияр мен қызанақ егеміз.


Көктемде бау-бақшамыз әп-әдемі болады, себебі ағаштар гүлдейді, бәйшешектер, қызғалдақтар гүлдейді. Күзде алма жинаймыз. Мен бау-бақшада жұмыс істеуді жақсы көремін.

¹ Толады-ай [толадай] – исполнится.

² Жасы – его, ее возраст.

№ 1


Тыңдаңыз, қайталаңыз.



ә)




б)



в)



г)



ғ)



№ 2

Оқыңыз.



54-тапсырма.

• *мал*: малға қарадым; малдың түрі. Біздің ауылда мал көп. Сиыр, ат — мал. Мал шөп жейді. Мал су ішеді. Мал ауылда өмір сүреді.

• төрт, *төл*: малдың төлі; төлдер. Малдың қандай төлін білесің? Лак, қозы мен бота — төлдер. Төлдер сүт ішеді.

• сөйлеу, *төлдеу* [төлдөу]: мал төлдейді; сиыр төлдеді. Кеше біздің сиыр төлдеді. Көктемде мал төлдейді.

• екі, *ешкі*: менің ешкім; ешкінің төлі. Ешкінің төлі — лак. Ешкі — жуас жануар. Ешкі сүт береді.

• қой, *қой*¹: қойлар; қойдың төлі. Қой не жейді? Қойлардың түсі қара. Қойдың төлі қозы ма?

• жұма, *бұзау*: тентек бұзау; бұзаудың шөбі. Сиырдың төлі — бұзау. Мен бұзауымды жақсы көремін.

• жұмыс, *құлын* [құлүн]: сүйкімді құлын; құлынмен бірге. Менің құлыным жуас. Құлын қайда өмір сүреді?

• қысқы, *жылқы*: жылқының төлі; жылқы өмір сүреді. Жылқы — үй жануары. Жылқының төлі — құлын.

• есеп, *ене*: оның енесі; төлдің енесі. Лақтың енесі не? Қозының енесі — қой. Бұзаудың енесі — сиыр. Ботаның енесі түйе ме?

№ 3

а) Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Әжем дейді: «Лағым»,
Атам дейді: «Қозым»,
Апам дейді: «Боташым»,
Көкем дейді: «Құлыным»,
Төлдің бәрін атайды.
Алты жасты Оразды
Еркелетіп атайды.

Г. Досмамбетова

ә) Сізді үйде қалай еркелетіп атайды?



¹ Қой — овца; поставь, положи.

№ 4



Дұрыс па?

а) Сиырдың төлі – балапан. Түйенің төлі – бота. Жылқының төлі – ат. Ешкінің төлі – козы. Қойдың төлі – лақ.

ә) Қозының енесі сиыр ма? Ботаның енесі жылқы ма? Лақтың енесі ешкі ме? Құлынның енесі түйе ме? Бұзаудың енесі жылқы ма?

№ 5

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.



Мал баласын сүйеді

Қой сүйеді баласын:

«Қоңырым!» – деп,

Сиыр сүйеді баласын:

«Торпағым!» – деп,

Түйе сүйеді баласын:



«Тайлағым!» – деп,

Ешкі сүйеді баласын:

«Лағым!» – деп,

Жылқы сүйеді баласын:


«Шұбарым!» – деп.




№ 6

Санаңыз


400



275



610



820



900



107


№ 7

а) Өңгімелеңіз.

Көктемде біздің ауыл әдемі болады. Көктемде күн жылиды, қар ериді. Өрине, жаңбыр жауады, қар жаумайды. Біздің үйдің ауласында үлкен бау-бақша бар. Онда ағаштар гүлдейді. Ал, қорада мал төлдейді.

Сиырдың төлі – менің сүйікті жануарым. Оның аты – Тентек. Оның түсі қоңыр. Ол жуас емес, тентек, сондықтан мен оны Тентек деп қойдым¹. Тентек аулада жүгіреді, секіреді. Ол менімен бірге қуыспақ ойнауды жақсы көреді. Тентектің енесі – Ақсиыр. Ол шөп жейді.

ә) Төл мен енесін ауыстырып, қайталаңыз.



¹ Қойдым – назвал.

№ 1

Тыңдаңыз, қайталаңыз.


а)




ә)




б)



в)



г)



№ 2

Оқыңыз.



55-тапсырма.

• Ақ — ағы, **бағу** [бағуу]: мал бағады; ешкі бақтым. Мен ауылда сиыр бақтым. Балалар лақ пен қозыны бағады. Мен қысқы демалыста ауылда бұзауды бақтым.

• қай, **тай**: ат пен тай; тайды бағамын. Менің тайым бар. Маған туған күніме атам тай сыйлады. Мен тайымды жақсы көремін, себебі ол тентек емес.

• қозы = **қошақан**: сүйікті қошақаным; қошақан секіреді. Менің қошақаным секіруді, жүгіруді жақсы көреді. Қошақаным қазір сүт ішеді. Қошақанымға шөп бердім.

• шешем, **жем**: жем бересің; жем берді. Мен малға жем бердім. Сиыр жем жеді. Жабайы жануарлар жем жей ме?

• күн, **жүн**: жұмсақ жүн; ботаның жүні. Менің қошақанымның жүні жұмсақ. Ешкі жүні қандай болады? Лақтың жүні жұп-жұмсақ. Ботаның да жүні жұп-жұмсақ.

• сосын, **момын** [момұн]: момын төл; момын емес. Менің досым — өте момын бала. Малдың төлі момын ба? Лақ момын емес, ол тентек.

• кара, **қора**: қорада тұрады¹; қорада бар ма? Қора таза. Қорада ешкі мен қойлар тұр.

№ 3

Әнді аударыңыз, әнді айтыңыз.



56-тапсырма.

Қошақаным қайда екен?

Жазда апам аулына
Барған едім қыдырып,
Бір қошақан алдымнан
Шықты ойнап жүгіріп.

(нотасы 119-бетте)




¹ Тұрады — здесь: стоит, стоят.

№ 4

а) Сөйлем құрастырыңыз.

Мен
Сен
Сіз
Ол
Біз
Сендер
Сіздер
Олар



бақты...

ә) Сыныптасыңыз сұраққа жауап берсін.

Сен ауылда не істедің?

№ 5

а) Аударыңыз. Көшіріңіз.



57-тапсырма

ИНАБАТТЫЛЫҚ

Мен қазақ тілін
жақсы көремін.



Ауызыңа май,
астыңа тай!



ә) Әже екі балаға қалай айтатынын жазыңыз.

б) Бәрін жаттаңыз.

№ 6



Суреттерге қарап, әңгіме құрастырыңыз.

Керекті сөздер: қора, жем, бағу, жем, қошақан, жүн, момын.



№ 1

Еске түсіріңіз.



110

№ 2

Жазыңыз.



[көктөмдебәйшешектергүлдөйді] —

[наурыздақарерйді] —

[менөрүготұрғыздым] —

[онұңжүнүжұмсақ] —

№ 3

Толтырыңыз.

Мен қып-.... алма жеймін. Олар кеше қуыспақ ойна.... . Сен кеше Жаңа жылмен кімді құттықта.....? Біз шанамен сырғанауды жақсы көре.... . Қысқы демалыста мен, әке-шеше....., аға.... мен әпкем тауға барамыз. Оның атасы да, әжесі де сексен..... .

№ 4



58-тапсырмадағы әңгімені тыңдаңыз, сұрақтарға жауап беріңіз.

№ 5

Өзіңізді тексеріңіз.

Сынақ


1. Көктем айлары — ...
 - а) желтоқсан, қаңтар мен ақпан.
 - ә) қыркүйек, қазан мен қараша.
 - б) наурыз, сәуір мен мамыр.
2. Көктемде қандай гүлдер гүлдейді?
 - а) Қызғалдақтар, сарғалдақтар, бәйшешектер.
 - ә) Өрік пен шие.
 - б) Алма мен алхоры.
3. Сиырдың төлі — ...
 - а) бота.
 - ә) қозы.
 - б) бұзау.
4. 458 — ...
 - а) төрт.
 - ә) төрт жүз елу сегіз.
 - б) бес жүз елу сегіз.
5. ... жейсің.
 - а) Таяқ.
 - ә) Аққала.
 - б) Ағаш.
6. Ауызыңа май, ...
 - а) кешіріңіз.
 - ә) астыңа тай!
 - б) сау болыңыз!
7. Көктемде бау-бақшаға не егесіз?
 - а) Құлын.
 - ә) Жаңбыр.
 - б) Қияр мен қызанақ.



№ 6

Ойнайық!

Сөзжұмбақ



- 2 — түс.
3 — көңілсіз ↔



№ 1

Аударыңыз, тіркесін табыңыз.

сөз, қосылады, қосады, үндемейді, айып тартады

№ 2

Оқыңыз.

Қызықты ойындар

Қазақ балалары әр түрлі ойындар біледі. Әрине, олар мал туралы, жануарлар туралы ойындар да көп ойнайды. Мысалы, «Қасқыр мен лақтар», «Мысық пен тышқан», «Ақ қоян» ойындарын ойнайды.



112

Маған «Біз де» ойыны ұнайды. Осы¹ ойын туралы айтып берейін. Ойын жүргізуші бір сөз айтады. Егер² балаларға сай болса³, олар «Біз де» деп қосылады. Егер балаларға сай болмаса, онда олар үндемейді. Байқамай⁴ қосылған бала болса, ол «айып» тартады. Онда ол ән айтады, тақпақ әлде өлең оқиды, билейді. Ал, ойнайық!

Ойын жүргізуші: Мен бау-бақшаға барамын.

Балалар: Біз де.

Ойын жүргізуші: Мен апама көмектесемін.

Балалар: Біз де.

Ойын жүргізуші: Бау-бақшада көп ағаш өседі.

Балалар үндемейді.

Ойын жүргізуші: Бау-бақшада ағаш отырғызамын.

Балалар: Біз де.

Ойын жүргізуші: Көктемде шие гүлдейді.

Балалар үндемейді.

¹ Осы — это, эта.

² Егер — если.

³ Сай болса — если подойдет, соответствует.

⁴ Байқамай — нечаянно.

Ойын жүргізуші: Мен шие жеймін.
Балалар: Біз де.
Ойын жүргізуші: Шиенің дәмі қышқыл.
Балалар үндемейді.
Ойын жүргізуші: Бау-бақшадағы ешкі тентек.
Балалар үндемейді.
Ойын жүргізуші: Шиені ешкі жейді...
Тағы бір ойын бар. Оның аты – «Балбұл». Балалар бір сөзге екінші сөз қосады. Екінші сөздің маңызы¹ жоқ, бірақ ұйқасы² бар. Мысалы,
Ат-хат,
Ойын-қойың.
Сиыр-миыр.
Ешкі-мешкі.
Түйе-мүйе.
Қой-мой.
Қозы-мозы.
Лақ-тақ.
Қос сөздер осылай.
Он атта,
Сол жаққа.

№ 3

«Біз де» ойынындағы ойын жүргізушінің сөздерін ойластырыңыз. Сыныптастарыңызбен ойнаңыз.

113

№ 4

«Балбұл» ойынына өз тақпағыңызды ойластырыңыз.

№ 5

Өлеңді аударыңыз, жаттаңыз.

Ешкі бақтым – еңіреп бақтым,
Қой бақтым – қоңырау тақтым.
Сиыр бақтым – сидаң қақтым,
Жылқы бақтым – жорғалаттым,
Түйе бақтым – түйме тақтым,
Лақ бақтым – жылап бақтым!

